емес еді. Тәуелсіздік жылдары «ұжымдастыру», «ашаршылық» тақырыбындағы архив құжаттарына зерттеушілер қол жеткізіп, оны терендете қаастыра бастады. Сонымен бірге, 1990-шы жылдарынан бастап Қазақстанның орталық архивтері де әр жылдары құжаттар жинақтарын жариялай бастады. Бірақ, айта кету керек, бұл басылымдарда ауыл шаруашылығын ұжымдастыру кезеңі бойынша құжаттар аз көлемде берілген. Архив құжаттарының бір бөлігі «Трагедия казахского аула. 1928-1934 гг.» (Трагедия казахского, 2013) және «Насильственная коллективизация и голод в Казахстане в 1931-1933 гг.» (Насильственная, 1998) құжаттар жинақтарында ұсынылса, кейінірек 2021 жылы отан тарихшыларының қажырлы еңбегінің арқасында бұрын жарық көрмеген құжаттар «Ашаршылық. Голод. 1928-1934 гг.» (Ашаршылық, 2021) құжаттар жинағына топтастырылып, жарияланды. Жалпы Кеңес Одағының ұжымдастыру тарихына байланысты Ресей мемлекеттік архивтерінен алғынған «Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание» (Трагедия советской, 2000), «Советская деревня глазами ВЧК, ОГПУ, НКВД» (Советская деревня, 2000) сияқты құжаттар жинақтарында берілген дерек көздері мәселені біршама аша түсетін құнды материалдар болып табылады. Құнды деректер беретін еңбектерге 2002 жылы шыққан «Неизвестные страницы истории Семипалатинского Прииртышья (20-30 гг. XX в.)» (Неизвестные страницы, 2002), сондай-ақ 2022 жылы «Саяси құғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссиямен бірлесе жүргізілген зерттеулер нәтижесінде жинақталған материалдар жинақтары» (Саяси, 2022) жатады. Бұл жинақтарда Кеңес өкіметі Семей өнірінде аукатты шаруаларды тәркілеу, жер аудару және ауыл шаруашылығын ұжымдастыру саясатына қатысты материалдар кеңінен ұсынылған.

Зерттеудің материалдары ретінде Абай облысының мемлекеттік архивінен (одан әрі-АОМА) алғынған Ф. Голощекиннің Семей округтік партия комитеті басшыларымен тікелей сым арқылы «аса құпия» түрде берілген нұсқаулары, арнайы ақпараттары, басқада құжаттар, соның ішінде Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру кезеңінде шаруаларға қатысты «асыра сілтеу» деректері көрсетілген жергілікті органдардың баяндамалары, статистикалық материалдар мен анықтамалар (Қ.74. Т.3. Іс.6., Қ.74. Т.3. Іс.7., Қ.74. Т.3. Іс.17., Қ.128. Т.1. Іс.116., Қ.3п. Т.1. Іс.414., Қ.3п. Т.1. Іс.457) зерделеніп, пайдаланылды. Сондай-ақ, мақалада Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік архивінен (одан әрі-ШҚОМА) алғынған (Қ.2866. Т.1. Іс.501) Семей өніріндегі жергілікті басшылардың жазбаша естеліктеріндегі ұжымдастыру тақырыбына қатысты деректер қоланылды.

Сол кезде өмір сүрген және болған жағдайды өз көзімен көрген адамдардың ауызша деректері осы зерттеу барысында тақырыпты ашуға айтартлықтай көмектесті. Белгілі қайраткер Ике Әділұлының туысы Серікбол Қабдылқақұлымен жүргізілген сұхбат барысында алғынған ауызша деректер (Далалық материал. Информант Қабдылқақұлы С.) мақалада, ұжымдастыру жылдарындағы түрғындардың Қытай жеріне миграциясынан мәлімет беретін жан-жақты дерек көзі міндетін атқарды.

Талқылау

1990-шы жылдары жарық көрген, 1920-1930 жылдардағы Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық үрдістердің негізгі мәселелері көтеріліп, зерттелген Т. Омарбековтың монографиялары (Омарбеков, 1994, 1997) осы тақырып төңірегінде зерттеу жүргізіп жүрген зерттеушілер үшін бағыт-бағдар бола алды.

Кейбір Ресей тарихшыларының еңбектерінде де Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру шараларына қатысты деректер келтіріле отырып, зерттелген. Бұл тақырып төңірегінде 1990 жылдары Ресейде алғашқылардың бірі болып Н.А. Ивницкий, В.П. Данилов жан-жақты тарихи шолу жасап, 1920-шы жылдардың аяғы мен 1930-шы жылдардың басында Кеңестік биліктің ауылдардағы құғын-сүргін шараларына қатысты бұрынғы Кеңес Одағының аса құпия Саяси Бюро архиві (қазіргі Президенттік архиві, Ресей федералдық қауіпсіздік қызметі архиві) архивтерінің материалдарын негізге ала отырып жіті зерттеген. Н.А. Ивницкийдің «Репрессивная политика советской власти в деревне (1928-1933

гг.)» (Ивницкий, 2000) еңбегінде ұлттық республикалар мен облыстардың мал шаруашылығы және егін шаруашылық аудандарының ерекшеліктеріне салыстырмалы түрде назар аударылып, сондай-ақ, 1920-шы жылдардың соны 1930-шы жылдардың басында құғын сүргінді жүзеге асыруда негізгі рөл атқарған жазалаушы органдардың әрекеттеріне кеңінен тоқталған. В.В. Кондрашин «Голод 1932-1933 годов: трагедия российской деревни» (Кондрашин, 2008) еңбегінде ауыл шаруашылығын ұжымдастыру мәселелері бойынша зерттеулерге концептуалдық жағынан барынша тың деректер келтірген.

Қазақстанның кеңестік кезеңдегі тарихын зерттеуде Батыс елдерінің халықаралық зерттеушілер тобына кіретін француз тарихшысы Изабель Огайон (Огайон, 2009) мен неміс тарихшысы Роберт Киндер (Киндер, 2017), америкалық тарихшы Сара Кэмеронның (Кэмерон, 2020) Ресей және Қазақстан мемлекеттік архивтерінен алғынған «құпия» белгісі бар құжаттар негізінде «қөшпелілер седентеризациясы», «ашаршылық» тақырыптары төңірегінде Қазақстан тарихшыларының зерттеулерін салыстырмалы-сыни түрде талдал, өз тұжырымдарын берген. Сонымен қатар, 1920-1930 жылдардағы құрделі әлеуметтік-экономикалық және саяси процестер: "Кіші Қазан" саясаты, ауқатты шаруаның мүлкін тәркілеу, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру және отырықшыландыру, 1930-1933 жылдардағы аштық мәселелері бойынша жарық қөрген монографияларға егжей-тегжейлі тарихнамалық шолу жасаған.

Қазіргі уақытта қазақстандық авторлар Zhirindinova K.R., Zhanbosinova A.S., Atantaeva B.Zh. «Social adaptation of Kazakh nomads in the period of forced collectivization» (Zhirindinova, Zhanbosinova, Atantaeva, 2019) деп аталатын рецензияланатын журналда жарияланған мақаласында тарихи деректерді талдау арқылы, бұл кезеңдегі өзгерістердің әсерін ғылыми тұрғыда көрсете отырып, күштеп ұжымдастыру кезіндегі халықтың әлеуметтік бейімделу процесіне қатысты тұжырымдарын берген.

Нәтижелер

1928 жылы Кеңес үкіметі ауыл шаруашылығын қайта құру мақсатында ұжымдастыруды жүзеге асыруды бастады. Бұл процесс ауыл шаруашылығын социалистік негізде қайта құруды көздеген маңызды қадам болды. Ұжымдастырудың басты мақсаты – жеке меншік жерлерді жою және олардың орнына ұжымдық шаруашылықтар құру арқылы ауыл шаруашылығын мемлекеттік басқаруға алу еді. Мұның нәтижесінде, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру Кеңес үкіметінің социалистік қоғам құру жолындағы стратегиялық қадамы ретінде айқындалды.

Ұжымдастыру ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігін арттыруды және аграрлық секторды индустрIALIZациялауды көздеді. Бұл мақсаттар ауыл шаруашылығы өнімдерін ұлғайту, сондай-ақ өндірісті жаңартылған техникалар мен жетілдірілген әдістер арқылы дамытуға бағытталды. Сонымен қатар, ұжымдастыру үдерісі ауыл шаруашылығы ресурстарын орталықтандыруды, яғни мемлекеттік бақылауға алу арқылы халық шаруашылығын нығайтуды мақсат етті. Осылайша, ұжымдастыру ауыл шаруашылығын дамыту мен Кеңес үкіметінің экономикалық саясатын күшету үшін маңызды құрал болды.

Сондай-ақ, социалистік индустрIALIZацияны жүзеге асыруды көздеген большевиктер үшін бірінші бес жылдықта ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттау ерекше мәнге ие болды. Кеңес Одағының басшылығы бұл өнімдерді сыртқа шығаруды индустрIALIZация мен экономикалық дамудың маңызды көзі ретінде қарастырды. Өйткені индустрIALIZацияны қаржыландыру үшін елдегі ауыл шаруашылығының ресурстары қажет болды, оның ішінде астық экспортынан түсken табыс мемлекетке қажетті капиталды жинақтауда маңызды рөл атқарды. Сол себепті, ауыл шаруашылығы өнімдерін сату арқылы алғынған қаражат ауыр өнеркәсіпті дамытуға, жаңа зауыттар мен фабрикалар салуға, сондай-ақ әскери қажеттіліктерді қамтамасыз етуге жұмсалды.

Алайда, 1927-1928 жылдары орын алған астық дағдарысы Кеңес үкіметі үшін күтпеген жағдай болды, себебі большевиктер аграрлық саясатын нәтижесінде астық өндірісін

арттырып, ауыл шаруашылығын тұрақтандырады деп үміттенген еді. Орталық Комитет алдымен бұл дағдарысты партия мен кеңес органдарының өнірлік экономикалық жағдайды бақылауда ұстамауы және ауыл шаруашылығында жүргізілген саясаттың тиімділігінің төмендігімен түсіндірді. Бұл жағдайда ауыл шаруашылығына қатысты жүргізілген саясаттың сәтсіздігі мен экономикалық механизмдердің дұрыс жұмыс істемеуі басты себептер ретінде қарастырылды. Шын мәнінде, астық дағдарысы аграрлық реформалардың жеткіліксіздігі мен нарықтық механизмдердің тиімсіздігі нәтижесінде пайда болды. Мәселен, ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыруға бағытталған шаралар нәтиже бермеді, өйткені жергілікті денгейде аграрлық реформалар мен жоспарлы экономикаға тән орталықтандырылған басқару жүйесі ауыл шаруашылығында тиімді жұмыс істей алмады (Омарбеков, 1997:43). Осыған орай, құрылыш пен индустрIALIZАЦИЯГА қажетті ресурстарды қамтамасыз ету мақсатында ауыл шаруашылығының экономикалық талаптары мен жағдайлары ескерілмей, өз кезегінде, дағдарыстың терендеуіне әкелді.

1927 жылы БК(б)П-ның XV съезінде қаралған индустрIALIZАЦИЯНЫң бес жылдық жоспарынан кейін И. Сталиннің бұл астық дағдарысынан шығудың кез келген жолдарын қолдайтындығы, өнірлерге арнайы жіберілген төтенше тапсырмаларынан көрініп түрді. Себебі, индустрIALIZАЦИЯНЫ жүзеге асуру үшін мейлінше барлық мүмкін ресурстарды пайдалану қажет еді. Мемлекет ауыл шаруашылығы мен ауыл тұрғындарын экономикалық тұрғыдан жүктең, индустрIALIZАЦИЯНЫ қарқынды жүзеге асуына қажетті материалдық базаны қалыптастыруға тырысты. Сөйтіп, бас жоспарды орындау, яғни индустрIALIZАЦИЯНЫ Нәтижелеріне қол жеткізу, барлық өнірлерде басты мақсатқа айналды.

Расында да, 1927-1928 жылдардағы астық дағдарысы алаңдатарлық жағдай болды. Астық дағдарысының жалпы көлемін И. Стalin өзінің 1928 жылы 13 ақпанда БК(б)П-ның барлық ұйымдарына жолдаған хатында: «Егер 1927 жылғы қантарда біз 428 миллион пүт дәнді астық дайындаған үлгерген болсақ, ал 1928 жылғы қантарда дайындалған дәнді астық 300 миллион пүтқа әрең жетеді», - деп астықтың жетіспеушілігі 128 миллион пүтқа жеткенін атап көрсетеді (Омарбеков, 1997:41).

Қазақстанның шығыс аймақтары, оның ішінде Семей, Павлодар, Өскемен сияқты өнірлер тарихи тұрғыдан әртүрлі этникалық топтардың көптеп қоныстанған жерлері болды. Астық өндірісін арттыру және жоспарды орындауда осы өнірлердегі халықтардың рөлі ерекше болды, себебі олардың негізгі қасібі – егіншілік еді. Бірақ бұл жерде мемлекетке артық астықты өткізу қажеттілігі шаруаларға қосымша қаржылық жүктеме әкелетіндігін атап өткен жөн. Сонымен қатар, салық мөлшерінің жыл сайын өсіп, қосымша салық түрлерінің енгізілгендейгін ескерсек, астық жоспарын орындау шаруаларға қындық туғызып, бұл олардың табысы мен ресурстарын шектеді. Осы қалыптасқан жағдайда шаруалар тек мемлекетке тиісті алым-салықтарды төлеуден ғана емес, сонымен қатар нарықтағы бағаның күрт төмендеуінен де қиналды. Осыған қатысты, БМСБ 1928 жылы ақпан мен наурыз айлары аралығында Қазақстанның саяси және экономикалық жағдайын талдай отырып, былай деп жазған: «Бірыңғай ауыл шаруашылығы салығын төлеу мерзімінің жақындауы мен барлық берешектердің тез арада өтеу қажеттілігіне байланысты орта шаруалар өздеріндегі артық астықты сата бастады» (Трагедия казахского, 2013:39). Алғашында қолдарындағы артық астықты сату арқылы шаруалар салық міндеттемелерін орындауға тырысқанымен, бұл олардың экономикалық жағдайын жақсартпады. Сонымен қатар, шаруаларға нарықтағы астық бағасын көтерді деп айып тағылып, бұл мемлекет тарапынан қосымша қысым көрсету мен қатаң шаралардың қабылдануына себеп болды.

Әсіресе, Сталинді Сібірмен көрші жатқан Семей, Петропавл губернияларындағы астық бағасының жоғары болуы алаңдатты, және мұндай қалыптасқан жағдайды "шектен шыққан масқара" деп санады (Известия №6, 1991:203). Осыған орай, Stalin 1928 жылы 15-ші қантардағы Сібірге арнайы сапарында өлкенің басшылығына алыпсатарлармен күресу үшін РКФСР қылмыстық кодексінің 107-бабын қолдануды ұсынды.

Нәтижесінде тауар сатып алу бағасын жасыру немесе нарыққа шығармау арқылы қасақана көтеру дерегі бойынша шаруалар РКФСР Қылмыстық кодексінің 107-бабына сәйкес

жазаланды. Бұл бап бойынша шаруаларға «мұліктің барлығын немесе бір бөлігін тәркілеу, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру» жазасы қарастырылды. Сондай-ақ саудагерлердің өзара сөз байласу дерегі тіркелген жағдайда «барлық мұлікті тәркілеу арқылы үш жылға дейін бас бостандығынан айыру» жазасы қарастырылған (Уголовный, 1927:47). Бұл заң нормасы шаруашылық қатынастарды реттеу және нарықтық экономикадағы тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында қабылданған еді. Алайда бұл өзгерістерге қатысты шаруалардың өз көзқарастары болды.

Мәселен, Сібірдегі шаруаларға астықты мемлекетке өткізгеннен гөрі, көрші аудандарға жоғары бағада сатқан тиімдірек еді. Бұл жерде біз нарықтық механизмдермен тығыз байланысты шаруа қауымының өзіндік ұстанған занды саясатын байқаймыз. Мұндай жағдайда шаруаларды айыптау қын, ейткені олар нарықтық механизмдерге сәйкес әрекет еткен. Бұл тәсіл нарықтық қатынастарға негізделген шаруашылық жүргізуін тиімді стратегиясы ретінде қарастырылуы мүмкін. Сталинді ашындырған және төтенше жағдайларға әкелген астық дайындау науқанының іске аспауының негізінде осындай зандылық жатқан еді. Ал Стalin болса шаруаларды алышатарлар деп қызынсыз айыптады. Әсіресе, ЖЭС-тың реңи түрде тоқтатылмағанын ескерсек, бұл жағдай жергілікті әкімшіліктің ауыл шаруашылығын жүргізуін жаңа бағытын енгізуде елеулі қындықтар тудырғанын көрсетеді.

Осы сәттен бастап жергілікті басшылыққа нарықтағы астық бағасын бақылауда ұстау басты тапсырма болып бекітілді. Бұл жағдай Семей өніріне қарасты аудандардағы саяси-экономикалық жағдайды күрт құрдепендірді десек болады. Себебі жергілікті саяси-экономикалық науқандарға жауапты тұлғалар міндеттерін орындау барысында асыра сілтеген. Сталиннің жеке кездесуінде болған Семей губерниялық комитетінің 1-ші хатшысы Беккер де өз кезегінде еңбеккөр қызметкөр болып шықты: бүкіл губерния бойынша мемлекеттен жасырылған астықты іздестіру және тәркілеу бойынша шараларды бастап, шаруалардың соңғы пүт астығына дейін тартып алу жағдайлары орын алды (Киндер, 2017:112).

Кейінірек, осы шаралардың аса қатыгездікпен жүргізілгендердің және өрескел заң бұзушылықтарға толы болғанын РКФСР Жоғарғы сотының Қазақ бөлімі төрағасы Өлкелік комитетке жолдаған баяндамасында атап көрсетеді (Ашаршылық, 2021:235). Баяндамада, Семей губерниясының 1-ші хатшысы Беккердің ісі аясында жүргізілген зансыз әрекеттері әшкереңген. Бірақ мұнымен зансыздықтар тоқтады деп айту қын, себебі бұдан кейін де Семей өнірінде осы тәріздес зансыз әрекеттер жалғаса берді. Сталиннің Орал және Сібірге құпия сапарының нәтижесін В. М. Молотов пен С. В. Кошиорға жолдаған хабарламасынан байқауға болады: «Жергілікті партия қызметкерлері нағыз большевиктер сияқты бұл іске құлшыныспен әрі ар-ұжданмен кірісті, бұл табысқа жетуге үлкен сенім береді, осы жағдайды атап өту міндеттім деп санаймын» (Известия №5, 1991:202).

КСРО бойынша 1928 жылдың ақпан-сәуір айларында БМСБ-ның алышатарларға қарсы жаппай операциялары кезінде 6 794 адам тұтқындалып, оның ішінде астық сату дерегі бойынша 4 118 адам жауапкершілікке тартылған (Данилов, 2006:40). Осылайша астық дайындау науқаны «төтенше» сипатқа ие болып, алышатарлыққа қарсы «жаппай операциялар» мен қамауға алу шаралары мамыр-маусым айларында да жалғасты. Стalin өзі байқағандай жергілікті «жұмысшылар жағдайды түзету үшін қолдарынан келетіннің бәрін жасауға дайын» болды (Известия №5, 1991:202).

Н. Кубяқ Қазақ өлкелік партия комитетінің бюросында Орталық комитет пен Өлкелік комитет директиваларын орындау барысы жеткілікті түрде жылдам, әрі табанды жүргізілмегенін атап өтіп, алышатарлықпен күрес үшін барлық партиялық-кеңестік және кәсіподак ұйымдарына, астық дайындау науқанын қүшету туралы қатаң директивалар жіберді. Олардың ішіндегі ең маңыздылары:

- губерниялар бойынша жедел үштіктерді ұйымдастыру;
- 17 жауапты өлкелік қызметкерді орындарға қосымша жіберу;
- ауыл шаруашылығы салығының соңғы мерзімдерін 1 ақпанға ауыстыру және басқа да төлемдерді алуды қүшету;

- астық дайындаудың жалпы жоспарын ұлғайту және ішкі тұтыну жоспарын қысқарту;

- астық дайындаушы губернияларға астық дайындау жоспарын беру қантар мен ақпан айының екінші жартысына 8-ден 9 млн-ға дейін мөлшерде пүт астық беру міндеттелді (Ашаршылық, 2021:28). Байқағанымыздай мемлекет осы саяси-экономикалық жүктемелерді орындауға барлық жағдайды жасаған.

Нәтижесінде, 1928 жылы нарықтағы астықтың бағасын тұрақтандыру үшін жергілікті органдардың алышатарлықпен күресі күшіне түсті. 1-кестеде алышатарлыққа қарсы КСРО-ның астық және тері дайындау нарықтарындағы қуғын-сүргін шаралары туралы мәліметтеріне көз жүгіртсек.

Кесте 1. Алышатарлыққа қарсы КСРО-ның астық және тері дайындау нарықтарындағы қуғын-сүргін туралы мәліметтер және 1928 жылғы 30 сәуірдегі жағдай бойынша антикеңестік элементтер (Қазақстан мысалында): (Советская деревня, 2000:1038).

Аудан атаулары	БМСБ органдары тұтқындаған жеке меншік иелері саны		Істің журуи		Сонымен қатар, кулактар сottaған			
			Тұлғалар саны		ҚҚ 107 бабы		Саяси қылмысы үшін	
	Астық нарығы	Тері нарығы	Сот шешімімен	Ерек ше кенес пен	БМСБ орган.	Сот	БМСБ орган.	Сот
Қазақстан	332	155	654	124	182	-	49	-

Ауыл шаруашылығы науқандарының қатал әрі зорлық-зомбылыққа толы әдістермен жүргізілуі шаруалардың қарсылығын тудырды, бұл өз кезегінде әлеуметтік және саяси шиеленістердің ұлғаюына себеп болды. 1929 жылғы Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқармасының (БМСБ) құпия-жедел бөлімінің баяндамаларында шаруалардың наразылықтары «контрреволюциялық әрекеттер» ретінде сипатталды. БМСБ баяндамаларының бірінде: «контрреволюциялық топтардың әрекеті сипаты жағынан 1926, 1927, 1928 ж.ж. қарағанда әр түрлі. Егер бұрын (1925, 1926 жж.) олар тек сайлау науқандары кезінде «Кеңеске тек өз адамдарымыз өтсін» деген ұранымен топтасса, ал 1927 жылы, әсіресе 1928 жылы шаруашылық науқандар кезінде өздерінің мақсатын осы науқандарға қарсы тұру деп білді. 1929 жылғы контрреволюциялық топтар өз топтарын барған сайын тез ұйымдастырып, ұйымды құру, бұлік шығару мақсатымен тікелей міндеттерін қүшейтті», -деп ақпарат берген (Советская деревня, 2000:1020). БМСБ-ның мәлімдемелерінен халық наразылықтары негізінен ауылды жерлерде орын алғанын байқауға болады. Шаруалардың баскетерулері сипаты жағынан Кеңестік билікке қарсы контрреволюциялық ұйымдастырылған топтардың әрекеті ретінде қарастырылып, оған саяси айдар тағылған.

Сондай-ақ, ауыл тұрғындарына ұжымдық шаруашылықтардың артықшылығын көрсету мақсатында қаржылық, салықтық әдістерді кеңінен қолданды. Әсіресе ірі шаруашылықтарға салық салу мөлшері ұлғайтылып, олардың белгілі бір өнімдермен сауда жасауына шектеулер қойылды, бұл олардың шаруашылық жүргізу әдістеріне айтарлықтай қысым келтірді (Ивницкий, 2000:10). Бірақ бұл жерде де, жауапты тұлғалар жоспарды орындаимыз деп, асыра сілтеп жатты. Мысалы, 1927 жылдың 1 қарашасынан 1928 жылдың 1 сәуіріне дейінгі аралықтағы Шемонаиха аудандық комитеттің салық жинау және ауыл шаруашылығындағы қындықтар туралы жарты жылдық есебіндегі мынадай деректерге назар аударсак: «...Выдриха ауылының азаматы Шелеховтың иелігінде егіс алқабы 10 десятина, 10 бас ірі қара мал және 7 жұмыс жылқысы үшін, ол 107-бап бойынша сottaған, одан 1400 пүт астық тәркіленген. Ал азамат Саранчаның иелігінде егіс алқабы 31 десятина, 19 бас ірі қара мал және 11 жұмыс жылқысы бола тұра, ол сottaған» (АОМА. Қ.128. Т.1. Іс 116. П.194). Бұл құжатта

болыстық атқару комитетінен іссапарға жіберілген комиссарлары ірі шаруашылық иелеріне бағытталған шараларды орта деңгейдегі шаруаларға қолданғаны туралы айтылып, осы мәселе бойынша жергілікті жауапты қызметкерлердің жұмысын қатаң сынға алған. Мұндай жағдай барлық Кеңес одағына қарасты өлкелерде байқалды десек артық емес.

1927-1928 жылдардағы астық дағдарысы салық жинау әдістерінде өзгерістер туғызды. Мысалы, «өзіне өзі салық салу» тәртібі түбекейлі өзгертілді. 1928 жылы 7 қаңтардағы РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің (ХҚК) және Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің (БОАК) қаулысына сәйкес, ауыл тұргындары үшін салық төлеу міндетті болды, ал салықты төлемегендер салық заңнамасына сәйкес қудаланды. Өзіне өзі салық салу жүйесінен «шағын жекелеген шаруашылықтар», сондай-ақ мемлекеттік қызметтегі және ауыл шаруашылығымен айналыспайтын азаматтар босатылды.

Өзін-өзі салық салу жүйесі алғашында ерікті негізде болғанымен, нақты жағдайлар көрсеткендей, жергілікті билік органдары мен партия қызметкерлері өз пайдасы үшін оны бұрмалау деректері болған. Тұрғындардан мал-мұлікттері заңсыз тәркіленіп, қысым көрсету арқылы оларды тәмен бағамен сатуға мәжбүрледен. Мұндай заңсыздықтарды тоқтату туралы өтініштер тікелей Сталиннің өзіне де жолданып жатты. Мәселен, 1928 жылғы 28 шілдеде Семей губерниясының бір топ азаматы И. Сталинге жолдаған жеделхатында «өзіне өзі салық салу» науқанының барысында орын алған заңсыздықтарды ашық түрде айыптағы. Жеделхатта атап көрсетілгендей, көктемдегі азықтандыру қыындықтары мен коктайғақтың салдарынан орын алған жұтқа қарамастан, жергілікті билік шаруаларды өз малдарын арзан баға болсада сатып, салықтың міндеттемелерінен құтылууды талап еткен (Ашаршылық, 2021:233). Дәл осындай жағдай Шынғыстау ауданында да тіркелген. Өзіне өзі салық салу науқаны кезінде орын алған тағы бір заңсыздық — шаруаларды 24 сағат ішінде салықты жинап беруге мәжбүрлеуі болды. Бұл жерде ауданда әлеуметтік құрылымның басым көпшілігін орта шаруалар құрайтынын атап өткен жән. Салықтарын уақытында төлемегені үшін үстеме айыппұл төлеуден қорыққан шаруалар барлығын беруге дайын болған. Өздері тұтқындалудан қорқып, малдарын арзан бағамен сатуға мәжбүр болып, қойларын 75 тынға, жылқыларды 7 рубльге дейін сатқан. Ал сол уақытта нарықтағы қой терісінің бағасы 2 рубль 50 тын болатын (Ашаршылық, 2021:322). Нақтырақ айтқанда, бұл жерде жергілікті билік тарарапынан шаруаларға көрсетілген қысым нәтижесінде малдың бағасы нарықтағы құнынан бірнеше есе тәмен түскен.

Сондай-ақ, салық науқандарын жүргізу барысында шаруалардан мал-мұлікттерін арзан бағаға сатып алу арқылы заңсыз пайда табу деректері де тіркелген. Осындай іс шаралар барысында «...айыппұлға ілініп кетуден қорыққан шаруалардан Турксіб агенттері Шаған және Шынғыстау болыстарында 328 киіз үй сатып алған (Ашаршылық, 2021:247). Салық салу науқанын пайдаланып жергілікті болыстық атқару комитетінің қызметкерлері мен олардың туыстары тұрғындардың арзан бағадағы мал-мұлкін сатып алушы әдетке айналдырған. Осындай заңсыздықтар Бауыр, Қатон-Балқаш, Абыралы және Құ аудандарында анықталған.

Қарқаралы уезіндегі салық науқанына қатысты заңдылықтың сакталуын тексеру жөніндегі комиссияның телеграф хабарламасына назар аударсақ, онда: «өзіне өзі салық салу» науқанының шенберінде ауқатты шаруалардан салық жинау тәртібі қатаңдатылып, оны кейде ішінана экспроприацияға айналдырғандары туралы жазылған. Комиссия мәліметтері бойынша, ауыл жиналыстарының шешімдерімен салық салу көлемі көбінесе заңсыз арттырылып, байларға қосымша ауыр салық жүктелген. Сонымен қатар, уезд бойынша салықтың шекті мөлшері 75% болса, кейбір болыстарда бұл көрсеткіш 86%-ға жеткен (Трагедия казахского, 2013:163). Осы сынды заңсыздықтар Семей округінде де жергілікті билік тарарапынан мал-мұлік тәркілеу, астық пен ауыл шаруашылығы құралдарын заңсыз алу, сондай-ақ тұрмыстық заттарды тәркілеу сияқты заң бұзушылықтар жиі орын алып отырған (АОМА. Қ.74. Т.3. Іс 7. П.150).

Кеңестік билік ірі шаруашылықтарды анықтау барысында көпетеген қыындықтарға тап болғаны рас. Себебі көшпелілердің мұлкіне нақты санак жүргізу бұрыннан қыындық тудыратын. Патшалық кезеңде жергілікті әкімшілік шаруалардың мұлкін тәркілеу, салық салу

және басқа да әкімшілік қысым көрсету шараларын жиі қолданғанын білеміз, ал енді мұндай тәжірибе жаңа кеңестік билік тұсында да жалғасын тапты, сол себепті шаруалардың бұл әрекетін өз мүлкін жария етуде қасақана сақтық танытуы заңды деп түсінуге болады. Шаруалар отбасындағы әлеуметтік және экономикалық тұрақтылықты сақтау мақсатында мүлік бөлінісін өздерінің өмір сүру стратегиясы ретінде пайдаланды. Ал жергілікті билік мұдай стратегияны мал-мүліктерін жасыру амалы деп түсініп, туыстық жақындығы бар тұлғалардың шаруашылықтарын біріктіру арқылы ірі шаруашылық ретінде көрсетіп тәркілеген. Арыз шағымдарды қарау барысында анықталған заң бұзушылықтар, жергілікті билікке бұл мәселені қайта қарауға мәжбүр етті. Бұл жерде жергілікті қызметкерлердің қателігі анық көрінеді. Жергілікті қызметкерлер өз кезегінде бұл мәселені келесідей түсіндіруге тырысқан: «Асыра сілтеулер төменгі буын жұмысшыларының қалауы бойынша емес, көбіне нақты нұсқауларды білмегендіктен пайда болды, себебі жоғары органдардың директивалары анық емес екі түрлі мағынаны білдіретін» (АОМА. Қ.3. Т.1. Іс.462. П.16). Көріп тұрғанымыздай, осындағы тығырықтан шығу үшін жергілікті билік қараша халықты салық төлеуден жалтарды деп айыптауды орынды деп санаған.

Кейбір жағдайларда, билік заң бұзушылықтарды анықтай, түзету шараларын қолға алуға тырысты. Ресми құжаттардан биліктің заңсыздықтарды белгілі бір деңгейде мойындал, оларды түзету үшін іс-шаралар қабылдағанын жиі кездестіруге болады. Мысалы, 1928 жылы 15 тамызда Өлкелік комитеттің Семей округіндегі жергілікті қызметкерлердің асыра сілтеулерін тоқтату жөніндегі ескертулерінен кейін қабылданған іс шаралар туралы баяндамасында орта шаруалардың мал-мүлкін қайтару жөнінде мәселе көтерген (Ашаршылық, 2021:265). Бұл шаралардың мақсаты — кедей және орта шаруалардан заңсыз тәркіленген малдарды немесе мүліктерді қайтадан өздеріне тарату болатын. Мұндай шешімдер заңсыздықтарды жою шаралары ретінде қабылданғанмен, олардың қабылдануы заңсыздықтардың толық жойылуына әкелді деу қыны.

Шаруаларға қатысты партия тарарапынан болған асыра сілтеулер мен әкімшілік озырылыш үзінде қабылданған кейін де жалғасты. Ауылшаруашылық науқандарына жауапты уәкілетті органдардың шаруалармен карым-қатынасы Кеңес үкіметінің аграрлық саясатының қатал жүзеге асырылуы кезінде өте шиеленісті және әділетсіз сипатқа ие болды. Әсіресе ұжымдастыру мен тәркілеу науқандары кезінде жергілікті өкілдер мен уәкілетті тұлғалар шаруаларға құш көрсету мен репрессия әдістерін жиі қолданды (АОМА. Қ.3п. Т.1. Іс.457. П.14).

Бүкіл КСРО-да міндетті жеткізілімдерді орындауды деп айыпталған ірі шаруашылық иелеріне қарсы қолданылған репрессиялық шаралардың нәтижесінде салық салу нормасы екі жыл ішінде (1927-1928) 10 есе өсті. Бұл тұрғыда салық заңнамасы маңыздылығы мен тәркілеу жиілігі жағынан басты орын алды, ойткені ол айыптау ісінде жалғыз дәлел әрі негізгі айыптау пункті болды (Оғайон, 2009:40).

Өзіне өзі салық салу жүктемесі жаппай ұжымдастыру жылдары екі есе артты. 1930 жылы бұл жүктемeden ұжымшар мүшелері босатылып, ал жеке қожалықтар үшін оның ең жоғары мөлшері бірыңғай ауылшаруашылық салығының 50%-ы болып белгіленді. Сонымен қатар, аудандық атқару комитеттеріне оны 100%-ға дейін арттыру құқығы берілді (Два года, 1931:83). Бұл шаралар, сондай-ақ, жеке шаруашылықтардың өндірістік қуатын шектеуге және оларды ұжымдық жүйеге көшіруге бағытталды.

Алғашқыда шаруа наразылықтары шетелге үдерес көшу түрінде байқалса, кейінірек белсенділерге қастық жасау, зиян келтіру, қарулы көтерілістер сияқты әрекеттермен білінді. Ауыл шаруашылық науқандарына жауапты тұлғаларды үйлерінен тіпті ауылдарынан қуып шығу жағдайлары жиілеп кеткен (ШҚОМА. Қ.2866. Т.1. Іс.133).

Әсіресе жергілікті халықтың жаппай көшіп кетуіне салықтық қысымдарда өз әсерін тигізді. Кеңес өкіметінің аграрлық саясаты аясында жүзеге асырылған салық науқандары, әсіресе, салық мөлшерінің тым жоғары болуы мен оны жинау мерзімдерінің қысқа болуы халыққа едәуір қысым келтірді. Мәселен, жағдаймен санаспай, тіземен басқандай дейтіндей әрекеттің көрінісін 1928 жылы 17 ақпанында Мақаншы болыстық атқару комитетінің бұрынғы

үәкілі Қайырқанов Рахметулланың өтінішінен көреміз. Онда ол келесідей жағдайды баяндайды: «Қарқынды салық науқанын өткізу кезінде мен Барлық ауылы бойынша уәкілеттілердің бірі мен едім. Мен сол жерге барып, жұмысқа кіріскеңімде, бір тәуліктен кейін менің артымнан ОАК үәкілі Т. Жаманов Барлық ауылына келді, ол екі жерде азаматтар жиналысын өткізіп, халықтың үш күндік мерзімде салықты жинауын талап еткен. Үш күн ішінде салық толығымен жиналмаса мүліктерін тәркілеу шараларына кірісетінін жеткізген. Нәтижесінде бұл халық наразылығына алыш келді. Мал мүлкінің тәркіленуінен қорыққан 80 үй-шаруашылықтары Қытайға шекара асып кетті» (Ашаршылық, 2021:150).

1928 жылға дейін қазақтар мемлекеттік шекараны еркін өтіп тұруы, көрші елдерге қоныс аударуы кең таралған құбылыс болатын. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында, әсіресе, 1920-жылдардың ортасына дейін, шекаралас аймақтарда қазақтар мен басқа да халықтар көрші мемлекеттерге, әсіресе Қытай мен Монголияға, еркін түрде көшіп-қонды. Бұл көшіп-қону үрдісі сол кезеңде мемлекеттік шекаралар әлі толықтай қатаң бақылауда болмағандықтан, көптеген адамдар өздерін қауіпсіз сезініп, сиртқа кетіп жатты.

1928 жылдың басында, ірі шаруашылық иелерін тәркілеу туралы қауесет тараған кезде, көптеген ауқатты шаруалар Қазақстаннан шет елдерге немесе елдің басқа аймақтарына ауа көшті. «1928 жылдың көктемінде астық және малды реквизициялауға қатысты Семей өнірінен 3 мың қазақтың шағымы түсken. Партия ұйымдарының мәліметінше, Семей өнірінен Қытайға 22 мың мал басы бар 423 шаруа қожалығы қашып кеткен» (Кәмерон, 2020:85). Олардың көшпілігі бай шаруашылықтарын тәркілеу науқаны басталғанға дейін елден кетіп ұлгерген. Ұжымдастырудың алғашқы кезеңінде көшпендердің жағдайы ауыр болды, себебі олар бірнеше ондаған жылдар бойы қалыптасқан дағдарыстарды жеңуге қажетті құралдар мен мүмкіндіктерден толықтай айырылды. «Олардың көші-қон дәліздері азайып, отырықшы тұрғындар топтарына тәуелділік арта түсті. Халықтың едәуір бөлігі кедейленді. Сонымен қатар, табиғи апаттар салдарынан мал басының қатты азаюы (1927 жылғы құрғақшылық пен 1928 жылғы аяз - "жұт") барлық қазақтарды аса қауіпті және осал жағдайға душар етті» (Киндер, 2017:17).

Кеңес өкіметінің ұжымдастыру саясаты барлық халықтар мен ұлттық топтарға бірдей қолданылды. Бұрынғы патшалақ кезеңдегідей Кеңестік кезеңде де қазақ халқының дәстүрлі көшпелі өмір салты мен қоғамдық құрылымының ерекшеліктері ескерілмеді. Өйткені Кеңес өкіметі өзінің аграрлық және саяси реформаларын негізінен отырықшы қоғамдардағы тәжірибелер мен модельдерге сүйене отырып жүзеге асырды. Алғашында, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру шаралары көшпелі қоғамға мүлдем түсініксіз болды. Ұжымдастырудың мақсаты – жеке меншік шаруашылықтарды біртұтас ұжымдық шаруашылықтарға біріктіру болса, ал көшпендердің дәстүрлі өмір салты мен шаруашылық жүргізу тәсілдері, негізінен мал шаруашылығына, еркін көшу мен жайылымдық жерлерді пайдалану қағидаттарына сүйенген еді.

Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру жағдайында қалыптасқан ауыртпалыққа ауыл тұрғындарының бір болігі төзे алмай шекара асуға бел буып, елдегі қысымнан қашып жатты. Партия қызметкерлері қашқындардың көшпілігінің бай емес, қарапайым шаруалар болғанына таң қалды. (Кәмерон, 2020:126). Ал, БМСБ-сы оларды банданың белсенді мүшелері деп «контрреволюциялық элементтер» қатарына жатқызды (Саяси, 2022:220).

Семей округіне қарасты Шыңғыстау ауданының тұрғыны Ике Әділов бұрын болыс болған, ірі шаруашылық иесі ретінде кеңестердің назарына ілігеді. 1927 жылы БМСБ алқасының қаулысы бойынша Рубцовск өніріне әкімшілік жер аударылған ол, ұжымдастыру жылдары 1928 жылы ол жақтан қашып кетіп, Шаган бойындағы тауларға жасырынған» (Нәсенов, 2006:239). Кейін Кеңестердің бәрі-бір қоймайтынын сезіп, туыстарымен көшіп кеткен. Ике Әділұлымен бірге Қытай жеріне көшіп барған оның туысы Матайбаев Қабдылқақтың ұлы Серікбол бізге берген ауызша естелігінде: «- Зобалан уакытта әкем ағасы Икемен бірге арғы бетке (Қытай жеріне) өтеді. Кеңес жағы Икені сондағыларға Қытай жерінде ұстатьып, Қазақстанға әкеліп көзін жойған» - деді (Далалық материалдар. Информант Қабдылқақұлы С.).

Жергілікті билік көші-қон жағдайын реттеу мақсатында шаруаларға арнайы шарттар мен мерзімдер белгілеп, оларға қайта оралу үшін женілдіктер ұсынды. Бұл шешімдердің негізгі шарты — шаруалар 15 күн ішінде өз малдары мен мұліктерін алышп, қайтып оралса, оларды жазалау немесе қудалау шараларынан босату болды (АОМА. Қ. 74. Т.3. Іс.17. П.10). Яғни, бұл шара бір жағынан көшіп кеткен шаруаларға әлеуметтік амнистия ұсынса, екінші жағынан — биліктің ауыл шаруашылығын қалпына келтіру мен әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған шарасы ретінде қарастырылды.

Большевиктер рулық қатынастар ең артта қалған кедей шаруалар арасында кең таралған деп санады. Сонымен қатар, кедей шаруалар «сауатсыз және мәдениетсіз болғандықтан, байлармен байланысты үзуден бас тартып, қанаушыларын қорғауды жалғастырды» деген көзқараста болды (Zhirindinova, Zhanbosinova, Atantaeva, 2019:176). Бұл кезеңдегі ауылдық қоғамның өзгеруі мен трансформациясы тек әлеуметтік және экономикалық мәселелермен ғана емес, сонымен қатар мәдени және психологиялық деңгейде де құрделі болды. Байлар мен кедейлер арасындағы әлеуметтік қарама-қайшылықтар, рулық және дәстүрлі қатынастардың сақталуы, жаңа билік құрылымдары мен кеңес үкіметінің идеологиясын қабылдауға кедергі келтірді. Мұның бәрі қоғамдық қарым-қатынастарды қайта құру процесінің ұзак әрі қыын болғанын көрсетеді.

Кеңес өкіметі қазақ халқының дәстүрлі «рулық қатынастарын» жою мақсатында қолданған негізгі шараларының бірі — жергілікті басқару органдарына ұжымшар төрағаларын және басқа да лауазымды тұлғаларды жергілікті халық арасынан емес, сырттан тағайындау болды. Бұл шараның басты мақсаты — ауылдық, болыстық деңгейде билік құрылымдарының бүрынғы әлеуметтік және рулық құрылымдардан тәуелсіз болуын қамтамасыз ету. Жергілікті халықтың дәстүрлі басқару жүйесінен тыс, кеңес өкіметі сырттан келген кадрларды басқаруға тарту арқылы өз бақылауын қүштейтуге тырысты. Бұл әдіс жергілікті билік органдарының дәстүрлі құрылымдарын ескермей, партияның ықпалын арттыру мақсатында қолданылды.

Жаппай ұжымдастырудың бірінші жылы бүкіл елде азық-түлік тапшылығының туындауына себебі болды, себебі бұл ауқымды шара астық дайындау науқанымен қатар жүргізілді. Сонымен қатар, табиғи климаттық факторлар да жағдайды қындалтты: елдің негізгі астық өндіретін аудандарында құрғақшылықтың салдарынан өнімнің мөлшері айтартылған тәмендеді, бұл өз кезегінде азық-түлік тапшылығын ұлттайты. Ұжымдастыру кезеңінде Қазақстанда, Сібірде, Орта және Төменгі Еділде, Татарстанда, Башқұртстанда, Солтүстік Кавказда және Украинаның бірқатар аудандарында шаруалардың ашаршылыққа ұшырағандығы туралы көптеген хабарламалар пайда болды. Бұл мәселе әлеуметтік-экономикалық ауыртпалықтардың нәтижесінде туындағы, себебі жаппай ұжымдастыру мен астық дайындау науқаны ауыл шаруашылығында үлкен дағдарыс тудырып, азық-түлік тапшылығын терендетті. Мәселен, Қазақстанның Семей, Ақтөбе және Павлодар өнірлерінде 109,8 мың адамның ашаршылыққа ұшырағаны жөнінде нақты деректер тіркелді (Кондрашин, 2008:72).

1928 жылғы 27 тамыздағы Қазақ АКСР-і ХҚҚ-нің "Ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу және жер аудару туралы" қаулысын қолдану жөніндегі 1928 жылы 30 тамызда қабылданған Нұсқаулығына сәйкес (АОМА. Қ.74. Т.3. Іс.17. П.5), «тәркілеу шаралары бүкіл КАССР аумағында бір мезгілде жүргізілуі тиіс еді» (Неизвестные страницы, 2002:67). Бұл нұсқаулық негізінде тәркіленгендерді жер аударуға тиісті аудандар да анықталды. Жалпы Семей округі және Қарқаралы уездері мысалында алсак, жер аударылғандар Семейден - Сыр-Дарияға, Қостанайдан - Семейге, Қарқаралыдан - Қостанайға, Ақтөбеден - Қарқаралы өнірлеріне жер аударылып жіберіліп жатты (АОМА. Қ.74. Т.3. Іс.17. П.3).

Тәркілеу шараларының алғашқы кезеңінде 1929 жылғы 9 сәуірдегі ресми мәлімет бойынша Қазақ өлкесі бойынша тәркілеуге белгіленген 700 шаруашылықтың 696-сы тәркіленген. Атапған жылдың сәуір айында Семей, Қарқаралы өнірлері бойынша шаруашылық иелерін тәркілеу нәтижелері туралы мәлісsetтерді 2 - кестеден көреміз.

Кесте 2 - Тәркілену мен жер аударуға ұйғарылған шаруашылықтар саны
(Ашаршылық. Голод, 2020:772)

Өңір атаулары	Семей	Қарқаралы
Тәркілену мен жер аударуға ұсынылды	88	58
Іс жүзінде тәркіленгендер	64	56
Отырықшы	13	
Жартылай отырықшы	51	56
Ірі малшылар	44	48
Жартылай феодалдар	20	8
Жер аударылды	60	56
Мал басын тәркілеуге ұсынылды	12000	16027
Іс жүзінде тәркіленген мал басы	9113	12702

Бұл кестедегі деректер бойынша Семей округінде 64 қожалық тәркіленіп, 9113 бас мал алынған. Кейінірек Семей өнірлік комитеті берген ақпараттарда 61 шаруашылық көрсетіледі. Осылайша, бұл көрсеткіштер кейін тағы 3 шаруашылыққа кемі түскен, себебі жергілікті билік шағын шаруашылықтарды біріктіріп, оларды ірі шаруашылықтар ретінде көрсетіп, заңсыз тәркілеген (АОМА. Қ.74. Т.3. Іс.17. П.161). Осы заңсыздықтарды үкімет басшылары Н. Нұрмақов пен Е. Ерназаровтың жолдаған телеграммалары ашып көрсетеді. Олар: «Шаруашылықтардың еш негізсіз біріктірілгендігін» айттып, бұл әрекеттердің дұрыстығын дәлелдейтін нақты құжаттарды сұраған (АОМА. Қ.74. Т.3. Іс.17. П.125). Құжаттардан белгілі болғандай, жергілікті атқарушы органдар өз шешімдерін нақты деректермен занды негіздермен дәлелдей алмаған.

Прокуратура мәліметтері бойынша, 1929 жылдың 5 ақпанына дейінгі жергілікті жерлерден алынған хабарларға сүйене отырып, қайтарылған мүлік туралы мынадай деректер келтірілген: ірі және ұсақ қара – 21188 бас, айыппұлдар – 109004 рубль, астық – 12626 пұт, түрлі мүлік – 9320 рубль, үйлер – 52, киіз үйлер – 14, амбарлар – 40, диірмендер – 51, зауыттар – 7, түрлі машиналар мен құралдар – 143 дана. Заңсыз тәркіленген мүлікті қайтару жөніндегі комиссия төрағасы Н. Жалнинде өз баяндамасында өкілетті тұлғалардың біліктілігі туралы: «...Тәжірибелі жұмысшылар жоқ, әлсіздер жіберілді, және мен оларға жеке өзім нұсқау бергеніммен, олардың жұмысы мені алаңдатады. Олар қателіктер жіберіп, мен қаласам да, қаламасам да, қайтадан түзетуге тұра келеді», - деп атап өтеді (Саяси, 2022:216).

Сонымен қатар, ұжымдастыру жылдары, ірі шаруашылық иелері мен қатар бұрынғы би-болыстар мен хан-сұлтандардың ұрпақтары, сондай-ақ қазақ қоғамында әлеуметтік артықшылықтарға ие болған үстем тап өкілдері деп танылғандар да, кенес үкіметі тараپынан бағытталған күрестің нысанасына айналды. Олардың ықпалын әлсіретуге бағытталған шаралар қүштейтіліп, осы топтардың мал-мүлкі тәркіленіп, олардың әлеуметтік мәртебесін жою мақсатында кең ауқымды репрессиялар жүргізілді (АОМА. Қ.74. Т.3. Іс.6. П.1). Бұл кезеңде көптеген ауқатты қазақтар мен дәстүрлі билік өкілдері тұтқындалып, сырттай сottалды, тіпті қудалаудың нәтижесінде көптеген адамдар лагерлерге жіберілді немесе атылды.

Бұл кезеңде жергілікті жауапты қызметкерлердің жағдайы да мәз емес еді. Мәселен, Белағаш аудандық партия комитетінің төрағасы Бармбейн 36 сағат ішінде 62 кулактың тізімін беруді талап еткен (АОМА. Қ.3. Т.1. Іс.462. П.8). Мұндай қатаң нұсқаулар жергілікті партия басшылары мен билік органдарына ұлken қысым әкелді. Жоғарыдан түскен шүғыл тапсырмаларды орындау үшін жергілікті қызметкерлер заңсыздыққа баруға, жалған айыптауларды пайдалана отырып, орта шаруаларды «кулак» деп көрсетуге мәжбүр болған. Осы мәселеге қатысты 1930 жылы 10-12 мамыр аралығында өткен II-Белағаш конференциясында жергілікті қызметкерлер «өздеріне психологиялық қысым көрсетілгендерін де жасырмады. Сонымен қатар, ұжымшарларға құштеп кіргізу шаралары

Өнірлік комитеттің қызметкерлерінің тікелей қатысуымен өткендігін де атап өткен (АОМА. Қ.3. Т.1. Іс.462. П.22).

Дәл осындай әкімшілік озбырлық Зырян ауданында да байқалды. Семей округтік комитеттің басшылығы аудандағы ұжымдастыру шараларының тым баяу жүріп жатқанын алға тартып, оны жеделдешту үшін қатал шаралар қабылдауды талап еткен. Бұл ауданда 1929 жылдың қараша айы мен 1930 жылдың қантар айы аралығында, небәрі 2-3 ай ішінде, ұжымдастыру көрсеткіштері 27%-дан 46%-ға дейін өседі (ШКОМА. Қ.2866. Т.1. Іс.501. П.13). Осының нәтижесінде, ұжымдастырудың осындай жеделдетілген қарқыны жергілікті халық үшін ауыр қызындықтар мен зардалтарға әкелді. Семей округтік комитеті мен жергілікті билік өкілдері ұжымдастыруды жеделдешту мақсатында халыққа қысым көрсетіп, шаруашылық иелерінің мал-мұлкін тәркілеу шараларын күшетті.

Тіпті, кейбір жағдайларда жергілікті қызметкерлердің шаруаларға қатысты қолданған репрессиялары сол кезеңде ұжымдастыру процесін жүзеге асырудың қажетті бір бөлігі ретінде қарастырылды (АОМА. Қ.3. Т.1. Іс.462. П.22). Алайда, бұл мәселеде тек жергілікті билікті айыптау қын, өйткені жергілікті басшылық тарапынан атқарушы үекілеттілерге ауыл шаруашылығын жүргізу бойынша нақты нұсқаулықтар берілген және қажетті шаралар қабылданған (Қ.74. Т.3. Іс.6. П.14). Дегенмен, құқықтық нормалардың жетіспеушілігі мен жергілікті билік органдарының тәжірибесінің жеткіліксіздігі нәтижесінде атқарылған шаралар жергілікті деңгейде көптеген қателіктерге әкелді.

Ф. Голошекин 1929-1931 жылдар аралығындағы шаруа толқуларына қатысты пікірінде жергілікті биліктің әлсіз жұмысын және кеңестік партия ұйымдарының өз қызметтерін үақытында қайта құра алмай, нұсқауларды шектен тыс орындағанын атап өткен. Соңдай-ақ, бұл жағдайлар социалистік қайта құруларға қарсы баскөтерулерге әкеп соққанын айта кеткен жөн (АОМА. Қ.3п. Т.1. Іс.414. П.113).

Қорытынды

Кеңес Одағының идеологиясы мен саясаты негізінде 1920-1930 жылдары Қазақстан әлеуметтік және экономикалық ауыр өзгерістер кезеңінен өтті. Бұл кезеңде Қазақстан басқа да одактас республикалар тәріздес әлеуметтік эксперимент жүргізуге арналған социалистік құрылыштың тәжірибе алаңына айналды десек болады. Кеңес үкіметі Қазақстанды марксистік-лениндік принциптер тұрғысынан қайта құруды мақсат етті, алайда бұл өзгерістер елдің дәстүрлі өмір салты мен мәдениетіне теріс әсерін тигізді. Әлеуметтік және экономикалық қайта құрулар ауылдық жерлерде шаруалардың тұрмыс жағдайын ауырлатып, олардың дәстүрлері мен тіршілік жүйесіне елеулі нұқсан келтірді.

Ф.Голошекиннің жетекшілігімен жүзеге асырылған ауыл шаруашылығы науқандарында, әсіресе астық жинау мен оны дайындауға ерекше көңіл бөлінді. Өлкелік комитеттен өңірлерге жолданған нұсқаулар осы мәселелердің жоғары маңыздылығын көрсетеді. Сонымен қатар, үкімет басшылары ауылдық аймақтардағы саяси жағдайдың тұрақтылығын сақтауға айрықша назар аударды. Бұл кезеңде ауыл шаруашылығына қатысты науқандардың тиімді жузеге асуы тек экономикалық көрсеткіштермен ғана емес, сонымен қатар саяси тұрақтылықпен де тығыз байланысты болды. Сол себепті кез-келген антикенестік көңіл-күй қатаң қудаланып, жойылуы тиіс болды.

Шаруалардың әлеуметтік жағдайы мен экономикалық қызындықтары жиі арыз-шағымдар түрінде ресми органдарға жолданған. Ресми деректерге сүйенсек, Нұрмаков пен Ерназаровтың басшылығында бұл мәселелерге айрықша көңіл бөлінген. Олар жергілікті басшылық тарапынан атқарылған әр істің есебін сұрап, жағдайды қатаң бақылауда үстады. Арыз-шағымдардың жиі түсүі жергілікті билік органдарын шаруаларға қатысты мәселелерді шешуге және орын алған қателіктерді түзетуге ынталандырды.

Сайып келгенде, Кеңес үкіметі өз билігінің күштеу әлеуетін пайдалана отырып, партияның нұсқауымен жергілікті органдарға өз шешімдерін іске асыруды жүктеді. Бұл шешімдер көбінесе қоғамның тарихи занды дамуына қайши келіп, нәтижесінде мал

шаруашылығы аймақтарында толық экономикалық құлдырауға және гуманитарлық қүйреуге алып келді. Кеңес үкіметі елдегі ауқымды социалистік құрылыш жоспарларын ауыл шаруашылығын ұжымдастыру мен шаруаларды қанау арқылы жүзеге асыруды мақсат етті. Бұл саясаттың салдарынан шаруалар өздерінің дәстүрлі шаруашылық құрылымдарын жоғалтып, ауылдық аймақтардың әлеуметтік және экономикалық ахуалы құрт нашарлады.

1928-1930 жылдары қазақ өлкесіндегі ұжымдастыру шараларының алғашқы кезеңінде ақ халықтың Кеңестік билікке деген сенімі жоғалды. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру барысында қазақ қоғамын құштеп седентаризациялау процесі көшпелі шаруашылық жүргізу дәстүрінің жойылуына алып келді. Осында жағдайда бүгіндері занды деп табылатын шаруалардың жаппай наразылықтары етек алды. Осылайша, Кеңестік биліктің жүргізген ұжымдастыру шараларының алғашқы жылдарында-ақ халық ауыр қүйзеліске ұшырап, бас сауғалап жан жаққа кетуге мәжбүр болды. «Қазақ қоғамындағы үстемтап өкілдерін жою» деген желеумен іске асырылған қысым саясаты қазақ халқының ұлттық қалыптасу үдерісінде, сапалық құрамына орны толmas ауыр зардаптарын тигізді.

1920-30 жылдары қазақ қоғамының дәстүрлі тарихи дамуын бір мезетте тоқтатқан, орыны толmas кері әсерін тигізген кеңестік саясаттың зардаптары болашақта да талай зерттеулерге негіз болмақ.

Әдебиеттер тізімі

Абылхожин Ж. Очерки социально-экономической истории Казахстана. XX век. – Алматы: Университет «Туран», 1997. – 360 б.

Авторлардың далалық зерттеу материалдары 2022 ж. Информант Қабдылқақұлы С., Абай облысы, Абай ауданы, Саржал ауылы)

Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника. Сборник документов. Т 1. Алматы: «Атамұра», 2021. – 920 б.

Данилов В.П. Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. 1927 — 1939 / Советская деревня в годы «Большого террора». (5 том.), Т 1. – М.: РОССПЭН: 1999. – 880 с.

Два года работы: материалы к отчету Правительства РСФСР на пятнадцатом Всероссийском съезде советов / под общ. ред. Д. З. Лебедь. - [М.]: «Советское законодательство», 1931. – 159 с.

Ивницкий Н.А. Репрессивная политика советской власти в деревне (1928-1933 гг.) РАН. Ин-т рос. истории, Университет г. Торонто (Канада). - М., 2000. – 350 с.

Изабель Огайон. Седентаризация казахов СССР при Сталине. Коллективизация и социальные изменения (1928-1945 г.г.). – Алматы: «Санат», 2009. – 365 с.

Известия ЦК КПСС: Архивные материалы / Подготовка публикации коллективом авторов. — 1991. — № 5. — 227 с.

Известия ЦК КПСС: Архивные материалы / Подготовка публикации коллективом авторов. — 1991. — № 6. — 227 с.

Кондрашин В.В. Голод 1932-1933 годов: трагедия российской деревни / – М.: РОССПЭН: 2008. – 519 с.

Қозыбаев М.К., Алдажұманов Қ.С., Әбілқожин Ж.Б. Қазақстандағы күшпен коллективтендіру: қорлық пен зорлық. – Алматы, 1992. – 36 б.

Насильственная коллективизация и голод в Казахстане в 1931-1933 гг. Сборник документов и материалов. Алматы: Фонд «XXI век», 1998. – 263 с.

Нәсенов Б. Абыралы қанды жылдары (1905-1945). Т 2. Құжаттар жинағы. Алматы – Новосибирск. 2006. – 644 б.

Неизвестные страницы истории Семипалатинского Прииртышья (20-30 гг. XX в.): сборник документов, Семипалатинск, 2002. – 249 б.

Омарбеков Т. 20–30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: Көмекші оқу құралы. – Алматы: «Санат», 1997. – 320 б.

Омарбеков Т. Зобалаң (құштеп ұжымдастыруға қарсылық): Оқу құралы. – Алматы: «Санат», 1994. – 272 бет.

Роберт Киндер. Сталинские кочевники: Власть и голод в Казахстане / Москва. Политическая энциклопедия, 2017. – 382 с.

Сара Кэммерон. Голодная степь: Голод, насилие и создание Советского Казахстана. – / Пер. с англ. Алексей Терещенко. – Москва: Новое литературное обозрение, 2020. – 360 с.

Саяси құғын-сүргін қурбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары). – Астана, 2022. – 384 б.

Советская деревня глазами ВЧК, ОГПУ, НКВД. 1923-1929 гг. Документы и материалы. Т 2. РОССПЭН, 2000. – 1168 с.

Трагедия казахского аула. 1928-1934: Сборник документов. Т 1. Алматы: «Раритет», 2013. – 743 б.

Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. Документы и материалы. Т 2. ноябрь 1929 — декабрь 1930. Москва РОССПЭН, 2000. – 927 с.

Уголовный кодекс РСФСР редакции 1926 года. Москва: 1927 г.

Zhirindinova, K.R., Zhanbosinova, A.S., Atantaeva, B.Zh. Social adaptation of Kazakh nomads in the period of forced collectivization. //Opción, Año 35, Especial No.23 (2019): 164-180.//
<https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/30037/31074>

Қысқартылған сөздер тізімі:

ҚазАКСР – Қазақ автономиялы кеңестік социалистік республикасы

ЖШИ - Жұмысшы шаруалар инспекциясы

БОАК – Бұқілресейлік Орталық атқару комитеті

ӨӨ БМСБ – Өкілетті өкілдік Біріккен мемлекеттік саяси басқарма (ПП ОГПУ)

РК(б)П – Ресей коммунистік большевиктер партиясы

ХКК – Халық комиссарлар кеңесі

БАК – Больыс атқару комитеті

БМСБ - Біріккен мемлекеттік саяси басқармасы (ОГПУ)

Бакыт Ж. Атантаева¹, Айжан Р. Ботабекова², Мади Е. Турлыбаев³

Университет имени Шакарима города Семей, Казахстан

КОЛЛЕКТИВИЗАЦИЯ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА В СЕМИПАЛАТИНСКОМ ОКРУГЕ: АДМИНИСТРАТИВНОЕ НАСИЛИЕ И ЕГО ПОСЛЕДСТВИЯ (1928–1930 ГГ.)

Аннотация. В 1920-1930 годах проведенные в Казахстане политico-экономические реформы привели к необратимым изменениям в социальном и культурном аспектах. Аграрная политика советского правительства, включая коллективизацию и меры по ликвидации скотоводства, кардинально изменила традиционный образ жизни и хозяйствственные структуры казахского народа, а также усилила социальную нестабильность в сельских районах. В настоящее время по данной теме проводится множество исследований как отечественными, так и зарубежными историками. В их работах анализируются причины и последствия коллективизации, а также высказываются новые взгляды и выводы относительно глубоких следов этих реформ в историческом и культурном развитии казахского народа. Однако на региональном уровне, особенно в отношении особенностей коллективизации в разных областях Казахстана и её воздействия на местное население, проведено недостаточно исследований. Недостаток региональных исследований затрудняет более глубокое понимание того, как проводилась коллективизация на уровне страны и какие имелись местные

особенности. Расширение числа таких исследований, безусловно, способствует более точной оценке местных условий и общественно-политической ситуации.

В статье анализируются начало коллективизации сельского хозяйства в Советском Союзе в 1928-1930 годах и особенности её реализации в Восточном Казахстане на основе архивных данных и статистических материалов. Также рассматриваются региональные особенности реализации коллективизации и её последствия для местного населения.

На основе архивных материалов анализируются причины коллективизации, перегибы в реализации государственной программы по сдаче зерна, а также незаконные действия местных органов власти. Особое внимание уделяется последствиям коллективизации для казахских деревень и районов с русскоязычным населением. В ходе исследования рассматриваются также несправедливые меры, принятые руководством ЦК ВКП(б) в отношении сельских жителей.

Ключевые слова: Коллективизация, сельское хозяйство, реформа, экспроприация, миграция, сопротивление, переселение, депортация, местные органы, перегибы.

Baqyt Zh. Atantaeva¹, Aizhan R. Botabekova², Madi E. Turlybaev³

Semey University named after Shakarim, Semey, Kazakhstan

THE COLLECTIVIZATION OF AGRICULTURE IN THE SEMIPALATINSK REGION: ADMINISTRATIVE REPRESSION AND ITS CONSEQUENCES (1928–1930)

Abstract. In the 1920s and 1930s, the political and economic reforms carried out in Kazakhstan resulted in irreversible transformations in the social and cultural spheres. The agrarian policies of the Soviet government, including collectivization and measures aimed at reducing livestock farming, fundamentally altered the traditional way of life and economic structures of the Kazakh people, while exacerbating social instability in rural areas. At present, numerous studies on this topic are conducted by both domestic and international historians. These works examine the causes and consequences of collectivization and present new perspectives on the profound impact of these reforms on the historical and cultural development of the Kazakh people. However, regional studies, particularly those focused on the peculiarities of collectivization in various regions of Kazakhstan and its impact on local populations, remain insufficient. The lack of regional research hinders a deeper understanding of how collectivization was implemented at the national level and its local particularities. Expanding such studies would undoubtedly contribute to a more accurate assessment of local conditions and the socio-political situation.

This article analyzes the beginning of agricultural collectivization in the Soviet Union during 1928-1930 and its implementation in Eastern Kazakhstan, based on archival data and statistical materials. The regional peculiarities and consequences of the collectivization policy are discussed.

Drawing on archival materials, the article explores the causes of collectivization, the excesses in the implementation of the state grain procurement program, and the illegal actions of local authorities. Special attention is paid to the consequences of collectivization for Kazakh villages and areas with Russian-speaking populations. The study also examines the unjust measures imposed by the leadership of the Central Committee of the All-Union Communist Party (Bolsheviks) on rural residents.

Key words: Collectivization, agriculture, reform, expropriation, migration, resistance, relocation, deportation, local authorities, excesses.

References

Abylhozhin Zh. Ocherki social'no-jekonomiceskoy istorii Kazahstana. XX vek. [Essays on the socio-economic history of Kazakhstan. XX c.] – Almaty: Universitet «Turan», 1997. – 360 p. [in Russian].

Asharshylyk. Golod. 1928-1934. Dokumental'naja hronika. Sbornik dokumentov. T 1 [Hunger. 1928-1934. A documentary chronicle. Collection of documents. T 1.]. Almaty: «Atamura», 2021. – 920 p. [in Russian].

Avtorlardyn dalalyk zertteu materialdary 2022 zh. [Materials of the authors' field research 2022] Informant Kabdylkakuly S., Abaj oblysy, Abaj audany, Sarzhal auyly) [in Kazakh].

Danilov V.P. Tragedija sovetskoy derevni. Kollektivizacija i raskulachivanie. 1927 — 1939 / Sovetskaja derevnja v gody «Bol'shogo terrora». (5 tom.), T 1 [The tragedy of the Soviet village. Collectivization and dispossession. 1927 — 1939 / The Soviet village during the "Great Terror". (Volume 5), Volume 1.] — M.: ROSSPJeN: 1999. – 880 p. [in Russian].

Dva goda raboty : materialy k otchetu Pravitel'stva RSFSR na pjatnadcatom Vserossijskom s#ezde sovetov [Two years of work: materials for the report of the Government of the RSFSR at the Fifteenth All-Russian Congress of Soviets] / pod obshh. red. D. Z. Lebed'. - [M.]: «Sovetskoe zakonodatel'stvo», 1931. – 159 p. [in Russian].

Ivnickij N.A.. Repressivnaja politika sovetskoy vlasti v derevne (1928-1933 gg.) [The repressive policy of the Soviet government in the countryside (1928-1933)] RAN. In-t ros. istorii, Universitet g. Toronto (Kanada). - M., 2000. – 350 p. [in Russian].

Izabel' Ogajon. Sedentarizacija kazahov SSSR pri Staline. Kollektivizacija i social'nye izmenenija (1928-1945 g.g.). [Sedentarization of Kazakhs of the USSR under Stalin. Collectivization and social change (1928-1945).]— Almaty: «Sanat», 2009. – 365 p. [in Russian].

Izvestija CK KPSS: Arhivnye materialy / Podgotovka publikacii kollektivom avtorov [News of the Central Committee of the CPSU: Archive materials / Preparation of the publication by a team of authors.]. — 1991. — № 5. — 227 p. [in Russian].

Izvestija CK KPSS: Arhivnye materialy / Podgotovka publikacii kollektivom avtorov [News of the Central Committee of the CPSU: Archive materials / Preparation of the publication by a team of authors.]. — 1991. — № 6. — 227 p. [in Russian].

Kondrashin V.V. Golod 1932-1933 godov: tragedija rossijskoj derevni [Famine of 1932-1933: the tragedy of the Russian countryside] / — M.: ROSSPJeN: 2008. – 519 p. [in Russian].

Kozybaev M.K., Aldazhumanov K.S., Abilkozhin Zh.B. Kazakstandagy kushpen kollektivtendiry: korlyk pen zorlyk [Collectivization by force in Kazakhstan: humiliation and violence]. — Almaty, 1992. – 36 p. [in Kazakh].

Nasil'stvennaja kollektivizacija i golod v Kazahtane v 1931-1933 gg. Sbornik dokumentov i materialov [Forced collectivization and famine in Kazakhstan in 1931-1933. Collection of documents and materials]. Almaty: Fond «HHI vek», 1998. – 263 p. [in Russian].

Neizvestnye stranicy istorii Semipalatinskogo Priirtysh'ja (20-30 gg. XX v.) [Unknown pages of the history of the Semipalatinsk Irtysh region (20-30 years The twentieth century.): collection of documents, Semipalatinsk, 2002. – 249 p. [in Russian].

Nasenov B. Abyraly kandy zhyldary (1905-1945). T 2. Kuzhattar zhinagy [The bloody years of abraly (1905-1945). T 2. collection of documents.]. Almaty – Novosibirsk. 2006. – 644 p. [in Kazakh].

Omarbekov T. 20–30 zhyldardagy Kazakstan kasireti [The tragedy of Kazakhstan in the 20-30s]: Komekshi oku kuraly. – Almaty: «Sanat», 1997. – 320 p. [in Kazakh].

Omarbekov T. Zobalan (kushtep uzhymdastyryuga karsylyk) [Zobalan (resistance to forced collectivization)]: Oku kuraly. – Almaty: «Sanat», 1994. – 272 p. [in Kazakh].

Robert Kindler. Stalinskie kochevniki: Vlast' i golod v Kazahstane [Stalin's Nomads: Power and Famine in Kazakhstan] / Moscow. The Political Encyclopedia, 2017. – 382 p. [in Russian].

Sajasi kugyn-surgin kurbandaryn tolyk aktau zhonindegi Memlekettik komissijanyн materialdary (XX gasyrdyn 20-50 zhyldary). T 22. [Materials of the State Commission for the Complete Rehabilitation of victims of Political Repression (20-50 years of the twentieth century). T 22. collection of documents.]. – Astana, 2022. – 384 p. [in Kazakh].

Sara Kjemerom. Golodnaja step': Golod, nasilie i sozdanie Sovetskogo Kazahstana [The Hungry Steppe: Famine, Violence, and the Creation of Soviet Kazakhstan]. – / Per. s angl. Aleksej Tereshhenko. – Moscow: New Literary Review, 2020. – 360 p. [in Russian].

Sovetskaja derevnja glazami VChK, OGPU, NKVD. 1923-1929 gg. Dokumenty i materialy. T 2. [Materials of the State Commission for the full rehabilitation of victims of political repression (20-50s of the XX century). T 2.]. ROSSPJeN, 2000. – 1168 p. [in Russian].

Tragedija kazahskogo aula. 1928-1934: Sbornik dokumentov. T 1.[The tragedy of the Kazakh village. 1928-1934: Collection of documents. T 1.]. Almaty: «Raritet», 2013. – 743 p. [in Russian].

Tragedija sovetskoj derevni. Kollektivizacija i raskulachivanie. Dokumenty i materialy. T 2. nojabr' 1929 — dekabr' 1930 [The tragedy of the Soviet village. Collectivization and dispossession. Documents and materials. T 2.]. Moscow ROSSPJeN, 2000. – 927 p. [in Russian].

Ugolovnyj kodeks RSFSR redakcii 1926 goda [The Criminal Code of the RSFSR, as amended in 1926]. Moscow: 1927 . [in Russian].

Zhirindinova, K.R., Zhanbosinova, A.S., Atantaeva, B.Zh. Social adaptation of Kazakh nomads in the period of forced collectivization. //Opción, Año 35, Especial No.23 (2019): 164-180.// <https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/30037/31074> [in English].

Авторлар туралы мәліметтер

Атантайева Бакыт Жумагазиевна – тарих ғылымдарының докторы, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің профессоры, Семей, Қазақстан.

Ботабекова Айжан Рымбековна – тарих магистрі, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің оқытушысы, Семей, Қазақстан.

Тұрлыбаев Мади Ермекович – докторант, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей, Қазақстан.

Information about the authors

Atantayeva Bakyt Zhumagazieva – Doctor of Historical Sciences, Professor at Semey Shakarim University, Semey, Kazakhstan.

Botabekova Aizhan Rymbekovna – Master of History, lecturer at Semey Shakarim University, Semey, Kazakhstan.

Turlybaev Madi Ermekovich – PhD candidate, Shakarim University, Semey, Kazakhstan.

Сведения об авторах

Атантайева Бакыт Жумагазиевна – доктор исторических наук, профессор Университета имени Шакарима города Семей, Семей Казахстан.

Ботабекова Айжан Рымбековна – магистр истории, преподаватель Университета имени Шакарима города Семей, Семей Казахстан.

Тұрлыбаев Мади Ермекович – докторант, университет имени Шакарима г. Семей, Семей, Казахстан.

FTAXP 03.81.35

XX ФАСЫРДЫҢ II ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ШЫГЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Надира А. Махметова¹, Жанна С. Аубакирова²

¹*C. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті (Өскемен, Қазақстан)*

²*Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті*

(Өскемен, Қазақстан)

E-mail: ¹nadira_95@mail.ru, ² zhanna_aubakirova707@inbox.ru

¹<https://orcid.org/0000-0001-6701-8019>

²<https://orcid.org/0000-0003-1179-5518>

Андратпа. Бұл мақалада Шығыс Қазақстан және Семей өңірлерінің демографиялық жүйесінің дамуы мен құрылымы жан-жақты талданады. 1959 және 1989 жылдардағы халық санағы нәтижелерін пайдалана отырып, аймақтар арасындағы халық санының динамикасы, орналасу ерекшеліктері, ұлттық және жас-жыныстық құрамы салыстырылды. 1950-1980 жылдары қазақ халқының табиғи өсімі аймақтың этникалық құрамында айтарлықтай өзгерістерге себеп болды, ал орыс халқының саны табиғи кему және көші-қон арқылы азайды. Бұл кезең қазіргі шығыс өнірдің демографиялық құрылымын анықтауда маңызды рөл атқарды.

Қазақстанның шығыс өнірі ұлттық құрамының ерекшелігі: аймақта қазақ және орыс ұлттарының басымдылықта болуында. 1950-1960 жылдардағы қазақтардың «демографиялық жарылыс» кезеңі осы өнірде аталған этностың табиғи өсімнің ұлғаюына әкеліп, шын мәнінде XX ғасырдың 50-80-жылдарында орын алған өзгерістердің триggerіне айналды. Орыс этносы санының азауы табиғи кетудің және механикалық азаюдың нәтижесінде болды. Осы жылдар Шығыс Қазақстан облысының қазіргі демографиялық жағдайын қалыптастыруда маңызды кезең болды. Мақаланың өзектілігі 1950-1980 жылдары орын алған демографиялық процестердің өнірдің демографиялық ахуалын анықтаудағы маңызды тарихи кезең ретінде демографиялық тенденцияларды зерттеуге негізделген. Қазіргі таңда қалыптасып отырған демографиялық үрдістердің қайнары осы 30 жылдықтың жемісі болды. 1950-1980 жылдары туған балалар қазіргі адам сапасы деңгейінде маңызды рөл атқарып, қазіргі ұлттық жас құрамын құрап, Қазақстанның шығыс өнірінің демографиялық дамуының айқын көрінісі болып отыр. Демографиялық процестердің аймақтың әлеуметтік және ұлттық дамуына тигізген әсерін зерттеу негізге алынды.

Түйін сөздер: Шығыс Қазақстан, демографиялық даму, табиғи өсім, қоныстану, этникалық құрам, халық саны.

Алғыс айту. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігі Ғылым Комитетінің гранты бойынша "Қазақтар Қазақстанның демографиялық әлеуеті ретінде: ретроспективті және даму перспективалары" ғылыми жобасы шеңберінде дайындалды (ИРН 9676895)

Kіріспе

Аймақтық тарихты зерттеуде негізгі назар тұрғындардың қалыптасу процесіне аударылады. XX ғасырдың ортасынан бастап, Қазақстан аумағында, әсіресе шығыс өнірде, демографиялық көрсеткіштердің тұрақтануы байқалды. Бұл кезең халықтың табиғи өсіміне негізделген демографиялық жүйенің нығаюының бастамасы болды.

Мақалада зерттеу нысаны ретінде Шығыс Қазақстан және Семей облыстарының аумақтық-демографиялық деректері алынды. Зерттеу үшін 1959 және 1989 жылдардағы халық санағының мәліметтері пайдаланып, бұл деректер негізінде тұрғындардың саны, ұлттық құрылымы, қала мен ауыл халқының арақатынасы және жас-жыныстық ерекшеліктері салыстырмалы түрде қарастырылды. 1950-1960 жылдары Қазақстанда орын алған «демографиялық жарылыс» кезеңі шығыс өнірде қазақ этносының санының күрт өсуімен және орыс халқының табиғи және механикалық себептермен азаюымен ерекшеленді. Мақала аймақтық этнодемографиялық өзгерістерге, олардың Қазақстанның шығыс өніріндегі әлеуметтік-экономикалық ахуалға тигізген әсеріне бағытталған.

Тарихи демографиялық зерттеулерде жалпы Қазақстанда 1950-1960 жылдардағы «демографиялық жарылыс» болғаны туралы жалпы айттылғанымен, алайда, аймақтық

ерекшеліктері жеке алып талданбаған. Қазақстанның шығыс өнірі халқы динамикасының өзгеруін, этникалық және жас-жыныстық құрамын қарастыру мақаланың негізгі мақсаты болып табылады.

1950-1980 жылдардың демографиялық үрдістердің қазақтардың тәуелсіз демографиялық жүйе қалыптастыруындағы алғышарттары болып табылады. Қазіргі таңда қалыптасып отырған демографиялық үрдістердің қайнары осы 30 жылдықтың жемісі болды. 1950-1980 жылдары туған балалар қазіргі адам сапасы деңгейінде маңызды рөл атқарып, қазіргі ұлттық жас құрамын құрап отыр.

Бүкіл республикада демографиялық ахуал қарқынды дамыды, алайда әр аймақтың өзіндік ерекшелігі болды. Соның ішінде, Қазақстан шығыс аумағында өзіндік ерекшелігімен бөлек бағытта болды. Шығыс Қазақстан және Семей облысында қазақтар саны аз болды. Ал славян текстес ұлттар саны басым болды. Оның бірден-бір себебі миграциялық үрдістер болды. 1950-1960 жылдардағы демографиялық үрдістер «демографиялық толқындар» нәтижесі болып келесі онжылдықтарта қазақ этносының негізгі өсім көрсеткішіне үлкен әсер етті.

Халықтың демографиялық әл-ауқаты, халық санының өсу динамикасы елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жоспарлауға, қоғамның болашағын болжауға әсер етті. Мақаланың өзектілігі 1950-1980 жылдары орын алған демографиялық процестердің өнірдің демографиялық ахуалын анықтаудағы маңызды тарихи кезең барысын зерттеуге негізделген. Осы кезеңдегі Қазақстан шығыс өнірінде орналасқан екі облыстың (Шығыс Қазақстан облысы және Семей облысы) аймақтық ерекшелігі, демографиялық ахуалы толық зерттелмеген.

Материалдар мен әдістер

XX ғасырдың ортасынан бастап Қазақстан аумағына қатысты демографиялық мәліметтер айқын көріне бастады. Оған дәлел, халық санағы. Осы мақалада негізгі дерек көзінде Қазақстан аумағында – 1959, 1970, 1979, 1989 (Статический, 1991) жүргізілген халық санағы нәтижелері қолданылды. Осы статистикалық мәліметтер негізінде кестелер, диаграммалар жасалды.

Зерттеу барысында алға қойған мәселелерді тиянақты әрі ғылыми тұрғыда жазу мақсатында тарихибыз, объективтілік принциптері басты назарға алынды. Тұрлі кезеңдердегі статистикалық мәліметтерді қолдана отырып, салыстырмалы тарихи әдіс қолданылды. XX ғасырда Қазақстан аумағында, соның ішінде Қазақстанның шығыс өніріндегі тұрғындары саны, олардың қала және ауылда орналасу ерекшелігі, ұлттық және жас-жыныстық құрамы тарихи-жүйелілік әдісі арқылы сараланды. Тақырып демографиялық ұдерісті қозғаннан кейін, тарих ғылыми үшін маңызды әрі жиі қолданылатын әдістердің бірі хронологиялық әдістер зерттеу жұмысында көрсетілді.

Талқылау

XX ғасырдың ортасы және екінші жартысы жалпы Қазақстан үшін СССР- халқының этникалық құрамы түбекейлі өзгерді. Бұл өзгерістер миграциялық процестермен байланысты болды. Ішкі миграция бірнеше онжылдықтар ішінде әлеуметтік-экономикалық, этнодемографиялық, әлеуметтік-мәдени және басқа да құбылыстардың мәнін анықтады. Бұл процестерде негізгі рөлді республики халықының, оның ішінде қалаларды басым бөлігін құрайтын славян ұлттары болды. Қазақстанның шығыс өніріне осы құбылыс тән болды. Себебі осы өнірде славян ұлты басым еді. Кеңестік тарихнамада негізінен XX ғасырдың 50-80 жылдары Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жетістіктері контекстінде (тың жерлерді игеру, өндірістік алға басу және т.б.) индустріалдық кадрлардың өсуін, жұмысшы топтың ұлғаюын, жалпы әлеуметтік құрылымның өзгеруін қарастырады (Алексеенко А.Н., Аубакирова Ж.С., 2017).

XX ғасырдың екінші жартысындағы жалпы Қазақстандағы демографиялық өзгерістер туралы көптеген ғылыми еңбектер жазылды. Алайда, Шығыс Қазақстан өніріне қатысты тарқатылған ғылыми зерттеулер аз. Шығыс Қазақстан өнірін алғаш әрі тыңғылықты зерттеушілердің бірі Алексеенко Н.В., История Восточного Казахстана в документах и

материалах (Алексеенко Н. В., 2007), «Народы Восточного Казахстана» (Алексеенко А. Н., 1994) оқулығында Шығыс Қазақстан облысының этникалық құрамына шолу жасаған. Зерттеуде Шығыс Қазақстан өнірінде қоныстанған барлық ұлттар қамтылған, алайда өнірде қоныстанған басым ұлттар қазақ, орыс және т.б. ұлттары туралы мәліметтер толық берілген. Әртүрлі кезеңдерде облыс территориясының өзгеруіде атап көрсетілген. Халық санының, соның ішінде қазақ ұлтының өсу, кему процесстерінің себебі Аубакирова Ж.С., Алексеенко А.Н., Столярова Э.О. “Demographic processes in Kazakhstan in the 20-80s of 20th century” мақаласында көрсеткендегі XX ғасырды екіге бөліп қарастыруға болды. 1920-1940 жылдары демографиялық дағдарыс кезеңі болса, 1950-1980 жылдары демографиялық жарылыс кезеңі болды деп айтуға болады. 1950-1960 жылдар онжылдықтың ішінде Қазақстан халқы саны табиғи өсім арқасында 18,2% жоғарыладап, ал 1960 жылы 1000 адамға 30,6 жетіп Қазақстан тарихындағы ең жоғарғы көрсеткішті көрсетті. Осы құбылысты «демографиялық жарылыс» деп атайды. Демографиялық жарылыс халықтың көбеюдің бір түрінен екінші түріне ауысуының (дәстүрлі аграрлық көбею түрінен қазіргі индустримальдыққа) құрамдас бөлігі болып табылады (Аубакирова Ж.С., Алексеенко А.Н., Столярова Э.О., 2020). «Демографиялық тарих контекстіндегі қазақтар» (Аубакирова Ж.С., Алексеенко А.Н., 2020) монографиясында әрбір онжылдық кезеңдегі статистикалық мәліметтер алдыңғы, онжылдықтаға мәліметтермен салыстырыла отырылған талданған. Монографиядағы құнды ақпарат әр аймақтың өзіндік ерекшелігі сипатталып, басқа облыстармен салыстырылған және барлық статистикалық мәліметтер кесте түрінде көрсетілген. Атантаева Б.Ж., Камалджанова Т.А. «Влияние миграции на формирование этнических диаспор Восточного Казахстана в 1937–2005 гг» (Атантаева Б.Ж., Камалджанова Т.А., 2014) еңбегінде Шығыс Қазақстанда XX ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан этникалық диаспоралар, олардың олардың әлеуметтік-демографиялық, мәдени дамуы туралы баяндалады. «Особенности развития культурно-просветительной работы в городах Восточного Казахстана в начальный этап советской власти» (Адильбаева А.С. Болатова К.Б., Рамазанова Ф.С., Байпейсова Г.М., 2017) атты мақалада Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында Шығыс Қазақстан қалаларында мәдени-ағартушылық жұмыстарың дамуының ерекшеліктері қарастырылады. Авторлар ағарту мекемелері желісінің қалыптасуын, кәсіптік-техникалық білім берудің дамуын және мемлекеттік аппараттың жергілікті халыққа бейімделуін (коренизация) талдайды. Сондай-ақ кітапханалардың, театrlардың және басқа да мәдени мекемелердің құрылуы мен олардың халықты саяси тәрбиелу және ағарту ісіндегі рөліне ерекше көніл бөлінген. Бұл мақала негізінен мәдени-ағартушылық қызметке арналғанымен, зерттеліп отырған процестер аймақта өмір сүрген түрлі этностық топтарға тікелей әсер еткен. Сондықтан бұл еңбек Шығыс Қазақстандағы этносоциалдық үдерістерді зерттеуде маңызды дереккөз бола алады. 1950-1980 жылдары осы 30 жылдық уақытта халық дамуының негізгі тенденциялары қалыптасты. Р.Д. Ахметова (Ахметова, 2014) Қазақстанның шығыс аймағындағы этностардың пайда болуының алғышарттары мен себептерін, олардың қоныстануын, кеңестік кезеңдегі және тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі әлеуметтік-демографиялық және мәдени даму ерекшеліктерін зерттейді.

Зерттеу нәтижелері

Қазақтардың XX ғасырдың екінші жартысындағы демографиялық дамуы КСРО-ның алғашқы онжылдықтарында орын алған құбылыстардан айтарлықтай ерекшеленеді. Жұздеген мың адамның өмірін қиған демографиялық апаптар артта қалды. Сонымен қатар демографиялық дағдарыстың аяқталуы туралы айту ертерек, ол сақталады, бірақ басқаша көрініс береді. Демографиялық мәселелердің негізгі ерекшелігі қазақтардың өзінің тарихи Отанында этникалық азшылыққа айналуы болып табылады (Аубакирова Ж.С., Алексеенко А.Н., 2020). Бұл тенденция XX ғасырдың ортасында шарықтау шегіне жетсе, одан кейін жағдай қалыпта келіп қазақ этносының саны ұлғаюына әкелді. Алайда, бір Шығыс өнірінің өзінде екі облыста, екі түрлі құбылыс жүрді. Шығыс Қазақстан облысында орыс ұлтының пайызы 1959 жылдан 1989 жылға дейін басымдылығын сақтап қалды. Ал Семей облысында 1959 жылы орыс ұлты басымдылықта болса, 1989 жылы пайыздық мөлшеріп, қазақтар

саны басымдылыққа ие болды. Осылайша, бір өнір болғанымен, әр облыста этникалық құрам әртүрлі болды. Әр ұлттың өз өмір салты, айналасытын еңбек түріне қарай, бұл өз кезегінде аумақтық әлеуметтік-экономикалық жағдайына да әсер етті.

Ал енді 1959 жылдан 1989 жыл аралығында Шығыс Қазақстан және Семей облыстарында халық саны аймақтарда орналасу ерекшеліктерін салыстыра қарастырайық.

Кесте 1. 1959, 1970, 1979, 1989 жылдардағы халық санақтары бойынша Семей облысы тұрғындар саны (Статистический 1991)

Аумақ	1959 ж.		1970 ж.		1979 ж.		1989 ж.		1989 жылдан 1959 (%)
	мын адам	%	мын адам	%	мын адам	%	мын адам	%	
Семей облысы	520229	100	713827	100	769411	100	838324	100	161,1
Семей қаласы	158555	30,5	243307	34,1	289958	37,7	335112	40,0	211,3
Аягөз қаласы	-	-	36940	5,2	39622	5,1	-	-	-
Абай ауданы	13563	2,6	21969	3,1	25632	3,3	27080	3,2	196,7
Ақсуат ауданы	15370	3,0	28205	4,0	32112	4,2	33100	3,9	215,3
Аягөз ауданы	57571	11,1	40067	5,6	41353	5,4	68117	8,1	118,3
Бесқарағай ауданы	32456	6,2	36733	5,1	33930	4,4	32959	3,9	101,6
Бородулиха ауданы	17573	3,4	52478	7,4	34160	4,4	38609	4,6	219,8
Жаңасемей ауданы	-	-	39351	5,5	35590	4,6	40716	4,9	-
Жарма ауданы	39166	7,5	73705	10,3	42764	5,6	42786	5,1	119,2
Көкпекті ауданы	28226	5,4	33361	4,7	32970	4,3	32808	3,9	116,2
Маканшы ауданы	21462	4,1	38438	5,4	39225	5,1	43141	5,1	201,0
Ново-Покровка ауданы	38463	7,4	-	-	-	-	-	-	-
Ново-Шұлбі ауданы	19610	3,8	-	-	18689	2,4	16977	2,0	86,6
Таскескен ауданы	-	-	-	-	-		32065	3,8	-
Үржар ауданы	42836	8,2	54651		54428	7,1	45564	5,4	106,3
Шар ауданы	30387	5,8	-	-	32504	4,2	31812	3,8	104,7
Шұбартау ауданы	4991	1,0	14622	2,0	16474	2,1	17478	2,1	350,1

Кестеден байқайтынымыз, Семей облысында 1989 жылы 1959 жылға қарағанда жалпы халық саны 61,1% өсken. Облыс аумағында аудандардың әкімшілік-территориялық жағынан бірде бөлініп, бірде қосылу салдарынан кейбір ауданда 1989 жылы 1959 жылға қарағанда өсу немесе кему пайызы анықталмады. Нақты атап өтетін болсақ олар: Аягөз ауылдық кеңесі, Жаңасемей ауданы, Ново-Покровка ауданы және Таскескен ауданы. Табиғи өсім үлес салмағы деңгейіне қарай өсім деңгейі көп аудандарда байқалды, алайда ең жоғарғы өсім 5 аумақта байқалған. Олар Семей қаласында халық саны 111,3%, Ақсуат ауданы халқы 115,3% және Бородулиха ауданы халқы 119,8%, Маканшы ауданы 101,0% және Шұбартау ауданы халқы

250,1% ұлғайған. Бұл мәліметтерден байқайтандымыз, аталған аудандардың көпшілігі қазақи (қазақ этносы басым) аумақтар болып табылады. Яғни, бұл жерлердегі өсім табиғи өсім әсерінен көбейгенін байқатады. XX ғасырдың 50-60-жылдар аралығы қазақтардың көп балалы болу дәстүрін қалыптастырудың негізіне айналды. Бала туудың жоғары деңгейін емес, бұрын өлім-жітіммен бейтараптандырылған көп балалы болу дәстүрін қалыптастыру. Бірақ көп балалы болу жағдайы тұрмыстық деңгейде бала туу призмасы арқылы қабылданады. Бала туудың жоғары көрсеткіші көп балалы болу дәстүрін қалыптастырудың жетекші компонент ретінде көрінеді. Ал қазақтардың негізгі бөлігі бұрынғыдан ауылдық жерлерде тұрып жатқандықтан, көп балалы болу нақты қазақтарға тән, олардың ұлттық ерекшелігі сияқты болып көрінеді. Қазақстандағы демографиялық жарылыс көрсеткіштеріне этностардың үлесін анықтау халықтың көбеюінің этникалық сипаттамаларын тіркейтін жеткілікті статистикалық мәліметтердің болмауы салдарынан қын (Аубакирова Ж.С., Алексеенко А.Н., 2020). Ал халық санының қысқару деңгейі тек бір аудандаған байқалды, ол Ново-Шұлбі ауданы халқы 13,4% қысқарған. Халық санының қысқару себептерін территориялдық өзерістерге байланысты түсіндіруге болады.

Кесте 2. 1959, 1970, 1979, 1989 жылдардағы халық санақтары бойынша Шығыс Қазақстан облысы тұрғындар саны (Статистический, 1991)

Аумақ	1959 ж.		1970 ж.		1979ж.		1989 ж.		1989 жылдан 1959 (%)
	мың адам	%	мың адам	%	мың адам	%	мың адам	%	
Шығыс Қазақстан облысы	734 924	100	845 251	100	876 628	100	933 445	100	127
Өскемен қ.	150 371	20,5	230 340	27,3	274 287	31,3	325 020	34,8	216,0
Зирян қ.	91 636	12,5	88 056	10,4	51 132	5,8	52 838	5,7	57,7
Лениногорск қ.	83 862	11,4	82 342	9,7	78 077	8,9	78 749	8,4	94
Серебрянск қ.	16 536	2,3	30 397	3,6	29 747	3,4	30 788	3,3	186,1
Большенарым ауд.	27 005	3,7	28 417	3,4	25 494	2,9	24 267	2,6	90,9
Глубокое ауд.	35 690	4,9	77 294	9,1	74 406	8,5	77 305	8,3	216,4
Зайсан ауд.	27 081	3,7	33 615	4,0	36 364	4,1	37 127	4,0	137,0
Зирян ауд.	57 336	7,8	17 197	2,0	29 665	3,4	28 059	3,0	49,0
Катон-Қарағай ауд. (ауылдық аймақ)	25 395	3,5	28 417	3,4	27 133	3,1	24 849	2,7	98,9
Күршім ауд. (ауылдық аймақ)	29 901	4,1	35 507	4,2	35 277	4,0	31 422	3,4	105,0
Марқакөл ауд. (ауылдық аймақ)	17 532	2,4	21 720	2,6	22 222	2,5	22 458	2,4	128,0
Самар ауд.	26 717	3,6	29 037	3,4	26 571	3,0	24 713	2,6	93,5
Таврия ауд. (ауылдық аймақ)	19 520	2,7	26 612	3,1	27 968	3,2	29 121	3,1	149,1
Тарбағатай ауд.	20 953	2,9	34 267	4,1	39 351	4,5	41 279	4,4	197,0
Ұлан ауд.	24 999	3,4	35 078	4,2	35 151	4,0	37 889	4,1	151,5
Шемонаиха ауд.	51 414	7,0	64 152	7,6	63 783	7,3	67 561	7,2	131,4


Ал Шығыс Қазақстан облысында 1989 жылы 1959 жылға қарағанда жалпы халық саны 21,2% өсken. Табиғи өсім үлес салмағы айтарлықтай әсер етті. Облыстағы аумақтарда қоныстану деңгейіне қарай ең жоғарғы өсім 2 аумақта байқалған. Олар Өскемен қаласында

халық саны 57,6%, ал Глубокое ауданы халқы 53,9% және Ұлан ауданы халқы 51,5%, Таврия 49,1% ұлғайған. Дәл осы аудандарда халық санының ұлғаюы қалаға жақын орналасқындығымен түсіндіріледі. Халық санының осы аймақтарда ұлғаю себебі өндіріс ошақтарының болуы, жұмыс орындарының көптігімен, қаладағы тұрмыстың әлдеқайда қолайлылығымен айқындалды. Ал Зырян қаласы халқы 42,3%, Зырян ауданы халқы 51,1% қысқарған (кесте 2). Халық санының қысқару себептерін территориялдық өзерістерге байланысты түсіндіруге болады. Әлеуметтік-экономикалық жағдайлары жағынан да, этникалық құрамы жағынан да аймақтардағы қоныстану өзгерістерінің басты тенденциясы – халықтың ірі қалалар төңірегінде және көлік желілерінің бойында шоғырлануы еді. Шет аймақтар бірте-бірте қаңырап бос қалды. Сондай-ақ Тарбағай, Зайсан сияқты аудандарда халық санының негізгі бөлігін қазақ ұлты құрағандықтан, бұл аймақтағы халық саны қазақтар есебінен өсті. Бұл өсімнің себебі, колхоз-совхоз жүйесі, халыққа әл-ауқатының тұрақты болуы есебінен табиғи өсім ұлғайды. 1950-1960 жылдары СССР-де колхоздардың жаппай совхозға айналу процесі басталды. Бұл өз кезегінде ауыл тұрғындарын мемлекеттің әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесіне енгізді. Мемлекет тарапынан «кеңілді еңбек төлемақысы, пенсия және басқа да әлеуметтік жеңілдіктер» қамтамасыз етілгендейді, бұл мемлекеттік секторға колхозніктар өздері белсенді түсे бастады. Тегін білім алу мен медициналық қызметтер, мемлекеттің әлеуметтік кепілдіктері балалардың асырауға байланысты шығындарды анағұрлым азайтты. Ауылды жерлерде балалар шаруашылық жүргізуде таптырмас көмекші болғандықтан, туу деңгейінің өсімі экономикалық мақсатқа сай ықпал етті (Алексеенко А.Н., Аубакирова Ж.С., 2017). Шығыс Қазақстан облысындағы халық санының өсу қарқыны ең төмен көрсеткіштердің бірі болды. Бұл өсім біркелкі болған жоқ: облыс орталығында қала тұрғындары ауылдық жерлерге қарағанда 18 есе жылдам өсті. 1990 жылдардың басына дейін Өскемен халықтың негізгі өсуі орыс тілді халықтың есебінен болды (64,5%). Шемонаиха ауданында славян халықтың өсуі байқалды (62,2% -ға). Қалған аудандар мен қалаларда негізгі өсімді қазақ халқы қамтамасыз етті (Ахметова 2014).

Жалпы алғанда екі облыста да, халық санының өсу себептерінің бірі өнірдегі әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықтың қалыптасуы болды. Шығыс Қазақстан облысына 21,2% (кесте 2) қарағанда Семей облысында 61,1% (кесте 1) халық саны анағұрлым жоғары пайызда өскенін байқаймыз. Сондай-ақ екі облыстың тағы бір айырмашылығы Семей облысында жалпы халық саны ауылдық аумақтарда көбейсе, Шығыс Қазақстан облысында қалаға жақын мандағы аудандарда ұлғайған. Яғни бұл көрсеткіш, Семей облысында ауыл тұрғындары көптігін, бұл дегеніміз халықтың дәстүрлі шаруашылықпен, ауыл тіршілігімен айналысатындығын байқатады. Ал Шығыс Қазақстан өндіріс ошақтары қалыптасып, халық қалалық тіршілікке үмтүліп, бос жұмыс орындарын толтыра бастады. Бұл болжамымызға 2 сурет дәлел бола алады.


Өсу тенденциясы, отбасы динамикасы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатының өзгерісіне әсер етті. Халық санының өзгерісі негізінде оның құрылымын (қала және ауыл халқы) қарастырайық.

Халықтың қалаға көшу тенденциясы XX ғасырдың екінші жартысынан бастап күшіне түсті. Бұл процестің қарқынмен жүруінің бірнеше себептері болды. Қалалардағы өнеркәсіп саласының алға қойылуы үлкен себептердің бірі болды. Алайда, бұл құбылыстың қозғалысы бірқалыпты болмады, әртүрлі даму кезеңдерімен сипатталды.



Сурет 1. Семей облысы қала және ауыл халқының үлес салмағы(1959, 1970, 1979, 1989 ж. халық санақтары нәтижесі бойынша) (Статистический, 1991)

Семей облысы бойынша диаграммадан байқайтынымыз, қала және ауыл халқы тұрғындарының саны 1959 жылдан 1980 жылдардың ортасына дейін ауыл халқы 10% басымдылықта болып, жылдар сайын бұл пайыз төмендеп, 1980 жылдардың ортасына қарай екі жақта да халықтар саны теңесіп, әрмен қарай қала халқы басымдылыққа ие болып келе жатқанын байқаймыз. Бұған дәлел, 1959 жылы қала халқы 43,9%-дан, 1989 жылы 51,2%-ға өсті. Ал ауыл халқы керісінше 1959 жылы 56,1%-дан, 1989 жылы 48,7%-ға кеміді (сурет 1).



Сурет 2. Шығыс Қазақстан облысы қала және ауыл халқының үлес салмағы(1959, 1970, 1979, 1989 ж. халық санақтары нәтижесі бойынша) (Статистический, 1991)

Шығыс Қазақстан облысы диаграммасынан байқайтынымыз, қалаға көшу процесі тез қарқынмен өссе бастады. Өнірде қала халқының саны 1989 жылды 1959 жылмен салыстырғанда қала халқы 17,3% өсті. Ал ауыл халқы керісінше 17,3% кеміді (сурет 1). Осылайша, жылдан жылға қала халқының саны арта түсті.

Ал екі облысты салыстыратын болсақ, жоғарыдағы диаграммалар (сурет 1, сурет 2) мүлдем екі бөлек тенденцияны көрсетеді. Шығыс Қазақстан облысында 1959 жылдан бастап, қала халқы басымдылықта болып, жылдан жылға ауыл халқы кеміп, халықтың қалаға көшуі арта түсіп, 1989 жылды қала халқының саны 65,0%-ға дейін жетеді. Бұл құбылыстың жоғарыда айтқандай, әлеуметтік-экономикалық тұрғыда халыққа қалада тұру тиімді екенін көрсетеді. Ал Семей облысында керісінше 1959 жылдан 1980 жылдың ортасына дейін ауыл қалхы басымдылықта болып, тек 1980 жылдың ортасында ауыл және қала халқы теңесіп, 1989 жылғы көрсеткіш бойынша қала халқы тек 2,5% басымдылықпен алға шығады. Яғни бұл колхоз-совхоз жүйесінің дамып, ауыл халқына әлеуметтік көмек көрсетіліп, халықтың ауылдағы тұрақтылықты сақтап қалғандығын айқындайды.

1959-1970 жылдардағы урбанизацияның қарқынды дамуы ауыл тұрғындарының қалаға көшуі әсерінен болды. Бұл қала мен ауылдық жердегі тұрмыстың сапасымен түсіндіріледі.

Сондай-ақ 1960 жылдары 70-тей үлкен ауылдар қала және қала типтес аудандарға ауыстырылғанымен олардың көпшілігі бұрынғысынша ауылдық аумақ болып қала берді. 1970 жылдардағы урбанизацияланған қазақ халқының Шығыс Қазақстандағы үлесі 13,9% құрады, ал 1970-1979 жж. 16,4% және 1989 жылы 4,4% үлгайып 20,8% құрады (Козина В.В., 2007).


Республикааралық көші-қон есебінен ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптің кадрлық әлеуетінің өсуінің салдары 1950 жылдардың сонында республикада еуропалық компонент халқының құрамында үлес салмағы жоғары «орыс тілді белдеу» қалыптасқандығы болды (Аубакирова Ж.С., Алексеенко А.Н., 2020). Бұл Шығыс Қазақстан облысында айқын көрінді. Өнірдегі қазақтардың үлес салмағы небәрі 18,9% құрады (2 сурет).

XX ғасырдың сонында белең алған экономикалық дағдарыс, сондай-ақ егемендіктің жариялануы «ауыл – қала» көші-қон ағынының эволюциялық процестеріне өзгерістер енгізді. Қазақстан ауылдарында ұзақ уақыт бойы жинақталған әлеует көшіп, қалаларға қарай ағылды (Сарсембаева Г.А., 2020).

Ал енді Қазақстанның шығыс өңірі тұрғындарының 1959-1989 ж. аралығындағы этникалық құрамын қарастырайық. Бұл жерде де біз екі облыста этникалық құбылыш әртүрлі бағытта дамығанын байқаймыз (сурет 3, сурет 4).

Қазақстан шығыс өңірінің ұлттық құрамының аймақтық ерекшелігі аумақ құрамының басым бөлігін қазақ және орыс ұлттары 1959 жылы Семей облысында 80,9%, Шығыс Қазақстан облысында 89,8%, ал 1989 жылы Семей облысында 87,9%, Шығыс Қазақстан облысында 93,2% құрады. Сол себепті ұлттық құрам үлес салмағында осы 2 ұлт басымдылыққа алынды. Қазақстан шығыс өңірі тұрғындарының этникалық құрамы – халықтың биэтникалық құрамына жатады.


Ал енді Семей өңірі тұрғындарының 1959-1989 ж. аралығындағы этникалық құрамын қарастырайық. Семей облысы ұлттық құрамының аймақтық ерекшелігі аумақ құрамының басым бөлігін қазақ және орыс ұлттары құрады (1959 ж- 81%). Сол себепті төмендегі 2 суретте ұлттық құрам үлес салмағында осы 2 ұлт басымдылыққа алынды (1989 ж- 88%). Семей тұрғындарының этникалық құрамы – халықтың биэтникалық құрамына жатады.



*Сурет 3. 1959, 1989 жылдардағы
Семей облысындағы халықтың ұлттық құрамы (%) (4)*

Семей облысы диаграммадан байқап отырғанымыздай, халықтың 80% астамын тек 2 ұлт құраған. 1959 жылы 9,5% басымдылықпен орыс ұлтының үлес салмағы көп болса, 1989 жылы бұл құбылыш көрісінше өзгеріп 15,9% басымдылықпен қазақ ұлтының саны артқан. Қазақ ұлтының пайыздық мөлшері 1989 жылы 1959 жылмен салыстырғанда 132,8% өсуі табиғи өсімнің арқасында дамыған. 1960 жылдардағы «Демографиялық жарылыс» қазақ ұлтының үлес салмағына әсер етті. Орыс ұлтының өсімі 27,8% өскен (сурет 3). Ал, өзге ұлттар

саны 1959 жылы қандай деңгейде болса 1989 жылы да сол деңгейде қалған . Шығыс Қазақстан облысында ұлттардың құрамы мүлдем басқа векторда дамыды.



*Сурет 4. 1959, 1989 жылдардағы
Шығыс Қазақстан облысы халқының ұлттық құрамы (%) (4)*

Шығыс Қазақстан облысы диаграммасынан байқаймыз, бұл облыста да халықтың 90% астамын тек 2 ұлт құраған. Сол себепті де, жалпы Қазақстанның шығыс өнірі халқын биэтникалық құрамға жатқызамыз. Әсіресе, орыс ұлты басым ұлт болған, бұл басқа облыстармен салыстырғанда Шығыс Қазақстан облысының ерекшелігі болып табылады. Бұл құбылыстың қалыптасу себебі, әсіресе осы Шығыс аумаққа жер аудару, қоныс аудару, арнайын қоныстанулардың әсерінен туындаған. Сондай-ақ қазақ ұлттының да пайыздық мөлшері 1989 жылы 1959 жылмен салыстырғанда 82,2% өскен. Осы кезеңдерде қазақ ұлттының өсуі тек бір себеппен, яғни табиғи өсімнің арқасында ғана дамыған. Орыс ұлттының өсімі 17,8% өскен (сурет 4). Ал, өзге ұлттар саны көрініше 14,7% қысқарған. Бұл аумаққа қоныстынушылардың өз мемлекеттеріне қайтып оралуымен, басқа елді-мекендерге көшіп кетуімен түсіндіруге болады. Қазақ ұлты көп шоғырланған аудандарға: Зайсан, Катон-Қарағай, Құршім, Марқақөл және Тарбағай аумақтарын жатқызамыз. Бұған дәлел 1959 жылы осы өнірлерде қазақтар саны 50% жоғары көрсеткішті көрсетсе, 1989 жылы бұл аймақтағы қазақтардың үлес салмағы 80% асып, Тарбағай ауданында 96,4% құрады. Ал орыс ұлты Өскемен, Зырян, Лениногорск, Шемонаиха аудандарында 1959 және 1989 санақ нәтижелерінде аумақтағы халықтың 80% астамын құрады. Сондай-ақ басқа аудандарда қазақ және орыс ұлттары 60%-40%, 70%-30% көрсеткішті көрсетіп тепе-тендікте болды (Алексеенко А. Н., 1994).


1960 жылдары басталған өнір түрғындарының қалыптасу тенденциясы, орыс және басқа да ұлттардың көші-қон келімі тоқтағанымен табиғи өсім есебінен халықтың қалыптасуы қарқынды жүргі (Аубакирова Ж.С., Алексеенко А.Н., Столярова Э.О., 2020).

XX ғасырдың 50-80 жылдары Қазақстан халқының қалыптасу ролін табиғи өсім көрсеткіші құрады. Табиғи өсім арқасында халық саныда жыл сайын ұлғайып отырды. 1968 жылға дейін табиғи өсім жоғарғы көрсеткіші көші-қон келіммен толықты. Ал XX ғасырдың екінші жартысы 60 жылдардан бастап көші-қон сальдосы тоқтап, Қазақстанның шығыс өнірі халқы тек табиғи өсім негізінде толығып отырды (Зимовина Е.П., 2003).

Демографиялық процестерде халықтың жас-жыныстық құрамы үлкен рөл аткарады, себебі ол халық санының өсу немесе кему потенциалын қамтиды.

1959-1989 жылдардағы бүкілхалықтық санақ нәтижесінен жалпы халық санын, ұлттық құрамы және орналасу ерекшеліктері мен этникалық топтардың жас-жыныстық құрамын анықтап зерттеуге болады. Соның ішінде Семей облысы туралы деректерді 5-ші суреттенн


байқауға болады.



Сурет 5. Семей облысын жас-жыныстық категория бойынша бөлу (%) (1959 және 1989 ж. халық санақтары нәтижесі бойынша) (Статистический, 1991)

5-суреттен көрсетініміз, 1959 жылы 0-4 жас аралығында екі жыныста да тұғандар пайызы орта есеппен 38,85% құраса, 1989 жылы бұл көрсеткіш 47,95% болып, 10% ұлғайған. 1959 жылы тұған балалар 0-4 болғандар 1989 жылы 30-34 жаста болып, бұл көрсеткіштің нәтижесі 1989 жылы орта жасағы адамдар санының артуына алып келді. Ал, бұл өз кезеңінде сапалы демографиялық даму процесін қалыптастырыды. Семей облысында 1959 жылы қазақ ұлтының саны, орыс ұлтының санынан аздаған мөлшерде аз болса, 1989 жылы облыстағы басым ұлт өкіліне айналды (сурет 3), яғни бұл көрсеткіш қазақ ұлты әсерінен, Ж.Боже-Гарнье және Э.Росеттің демографиялық қартаюды бағалау шкаласына сәйкес облыстың демографиялық жастықта екенін көрсетеді (Аубакирова Ж.С., Алексеенко А.Н., 2020).

Ал Шығыс Қазақстан облысы жас-жыныстық құрамы туралы деректерді 6-шы суреттен байқауға болады.



Сурет 6. Шығыс Қазақстан облысын жас-жыныстық категория бойынша бөлу (%) (1959 және 1989 ж. халық санақтары нәтижесі бойынша) (Статистический, 1991)

Шығыс Қазақстан облысы бойынша көрсетілген 6-суреттөн көрсетілгеніміз, 1959 жылы 1989 жылмен салыстырғанда, туу көрсеткіші 54,7%-дан 45,7%-ға төмендегенін байқаймыз. Туу көрсеткішінің төмендеуі ауыл халқының қалаға көшуі, отбасылық құндылықтардың өзгеруімен, отбасын, баланы жоспарлау, қоғамдағы әйел адамның ролінің артуымен түсіндіріледі. 1959 жылы жастық құрамдағы туу көрсеткішіне басым әсер еткен қазақ ұлты болса, орта жастағы адамдардың саны орта жастағы Шығыс Қазақстан аумағына түрлі себептермен қоныстанған славян ұлттары әсерінен, әсіресе орыс ұлты санымен толықты. Сондай-ақ 1959 жылы 60 жастан асқандар саны төмен деңгейде болса, 1989 жылы бұл көрсеткіш бірнеше есеге ұлғайған. Бұдан біз өмір сүру сапасының да артқанын байқаймыз.

Ал екі облысты салыстыратын болсақ, Семей облысында 30 жыл ішінде туу деңгейі өссе, Шығыс Қазақстан облысында керісінше бұл көрсеткіш төмендеген. Бұны, жоғары да атап өткен этникалық топтардың қоныстану территорияларына байланысты түсіндіруге болады. Яғни «демографиялық жарылыс» жасаған қазақ этносы Семей облысында анағұрлым көп деңгейде қоныстанып, сол облыстың туу деңгейін арттырған. Орта жастағы адамдар тобының да орта есепте болуы облыста тең дәрежеде қоныстанған, орыс және өзге де ұлттар санының арқасында еді. Шығыс Қазақстан облысында орта жастағылар санының жас топтағалар санымен бірдей деңгейде екенін байқай аламыз, яғни орта жастағылар санын көбінесе сырттан жұмыс атқаруға келген қоныстанушылар, арнайы қоныстанушылар, жер аударылғандар, яғни механикалық жолмен толықкан адамдар тобы құрады.

Басқа этникалық топ өкілдерінде, бірінші кезекте орыстарда мәселенің мәнін көші-қон анықтады. Көші-қон толқындарының нәтижесінде алынған демографиялық әлеует қысқа мерзімді, өйткені ол жағдаяттық факторларға, негізінен әлеуметтік-экономикалық қасиеттерге байланысты болды. Қазақстанның шығыс өнірі негізгі этностарының – қазақтар мен орыстардың демографиялық даму векторлары әртүрлі болып келеді (Атантасова Б.Ж., Камалжанова Т.А., 2014). Қазақтардың демографиялық процестері қарама-қайшы құбылыстармен айқындалды. Бір жағынан 1950-1960 жылдары туылған «демографиялық жарылыс балалары» балиғаттық жасқа толды. Сондықтан 1980 жылдары туылғандар саны әсіресе онжылдықтың екінші жартысында айтартылған жағдайда болды. Сонымен бірге үрпақ өкілдерінің белсенді урбанизациясы оның демографиялық әлеуетін төмендетті (Аубакирова Ж.С.,

Алексеенко А.Н., 2020).

Қазақстанда қоныстандыру мен экономикалық қызметтің қатаң этникалық саралануы болды. Демографиялық тұрғыдан алғанда мұндай жағдай әртүрлі салдарға алып келеді. Қала тұрғындары біртінде дәстүрлі репродуктивті қатынастарын, ең алдымен әлеуметтік-экономикалық қасиеттерін жоғалтады. Аз балалы және орташа балалы отбасылар кең тараға бастады. Қалалық-әлеуметтік преференцияларға ие болу (білімнің өсуі, әйелдің қоғамдағы жағдайының өсуі және т.б.) халықтың демографиялық әлеуетін бейтараптандырады.

Шығыс Қазақстан облысы халқының, ең алдымен, қала халқының көп бөлігін славян тектес ұлттар құрады. Бір жағынан, өнеркәсіптік кадрлардың ағыны әлеуметтік-экономикалық жеделдеуге ықпал етті. Екінші жағынан, Қазақстан халқының этникалық құрамы түбекейлі өзгерді, 1950 жылдардың ортасында халық құрамындағы қазақ халқының үлес салмағы халықтың үштен бірінен аз болды. Қазақ этносының әлеуметтік-мәдени ерекшеліктері шет тілді ортада жойылып кетті. Қазақстанның демографиялық жүйесі сыртқы, еуропаландырылған негізде құрылды. Осылайша XX ғасырда белгіленген демографиялық, экономикалық, әлеуметтік-мәдени мәселелердің бүкіл кешенін егеменді мемлекет – Қазақстан Республикасында шешу қажет болды ((Адильбаева А.С. Болатова К.Б., Рамазанова Ф.С., Байпейсова Г.М., 2017). Шығыс өңірінің екі облысында қалыптасқан демографиялық ахуал, Қазақстанның онтүстігі мен солтүстігі іспеттес, осы облыстардағы қалыптасқан этникалық құрамды, демографиялық оқиғаларды бейнелей алды.

Қорытынды

XX ғасырдың ортасынан бастап жалпы Қазақстан аумағында соның ішінде Қазақстанның шығыс өңірінде көптеген демографиялық өзегірістер болды. Бір өңірде орналасқанымен, алайда екі облыста екі түрлі тенденция қалыптасты. Шығыс Қазақстан және Семей облысын мысалға алу арқылы халық санының динамикасы, аймақ территориясында орналасу ерекшелігін анықталып, халықтық тығыз немесе аз қоныстанған аймақтары көрсетіліп, оның себептері түсіндірілді. Аймақтағы ұлттық құрам үлес салмағы бойынша басым ұлт өкілдері қазақтар мен орыстар үлес салмағы салыстырылып, демографиялық үрдістер ашылды. Демографиялық құрылымның негізі жастық құрамдағы толқындар деңгейі диаграмма арқылы көрсетілді. Жоғарыда қойылған Қазақстан шығыс өңірі тұрғындары қалай қалыптасты деген сұраққа жауап берілді. 1950-1980 жылдар өңірдің демографиялық даму үдерісінде маңызды кезең болды, себебі осы кезеңде егеменді Қазақстанның демографиялық дамуына үлкен үлес қосқан тенденциялар қалыптасты.

Әдебиеттегі тізімі

Адильбаева А.С., Болатова К.Б., Рамазанова Ф.С., Байпейсова Г.М. Особенности развития культурно-просветительной работы в городах Восточного Казахстана в начальный этап советской власти // Наука, образование и культура - №5 (20), 2017

Алексеенко А. Н. Народы Восточного Казахстана / А.Н. Алексеенко. – Усть-Каменогорск: Б.и., 1994. – 52 с.

Алексеенко А.Н., Аубакирова Ж.С., Население Казахстана в 50-80-е годы XX века: демографический взрыв и особенности этносоциальных эволюции // Вестн. НГУ. Серия: История, филология. 2017. Т. 16, №8: История. С. 127-142.

Алексеенко Н. В. История Восточного Казахстана в документах и материалах / Н.В. Алексеенко.– Усть-Каменогорск: Медиа-Альянс. - Ч. 2: С 1917 г. по начало XXI века. – 2007. – 108 с.

Атантасова Б. Ж., Камалджанова Т. А. Влияние миграции на формирование этнических диаспор Восточного Казахстана в 1937-2005 гг. (социально-демографический и культурный аспект); М-во обр. и науки РК ; Гос. ун-т им. Шакарима г. Семей... – Семей : [б. и.], 2014. - 255 с.

Аубакирова Ж.С., Алексеенко А.Н. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шенберінде

«Демографиялық тарих контексіндегі қазақтар» / Ж.С. Аубакирова., А.Н. Алексеенко. – Нұр-Сұлтан: «Шаңырақ-Медиа» ЖШС, 2020. – 200 б.

Аубакирова Ж.С., Алексеенко А.Н., Столярова Э.О. Demographic processes in Kazakhstan in the 20-80s of 20th century // «Хабаршы-Вестник Казахского национального педагогического университета имени Абая / Серия «Исторические и социально-политические науки». – 2020. – №3(66). – С. 346-351.

Ахметова Р.Д. Этнокультурные процессы в Восточном Казахстане в 80-х годах XX – начале XXI века. -Семей: Тенгри, 2014. -172 с.

Зимовина Е.П. Динамика численности и состава населения Казахстана во второй половине XX века [Электрон.ресурс]. – Демоскоп. – № 103 – 104. – 3-16 марта 2003.

Козина В.В. Демографическая история Казахстана / В.В. Козина. – Караганда: Изд-во КарГУ. – 2007. – 145 с.

Сарсембаева Г.А. Урбанизация, как основной миграционный тренд современного Казахстана // «Хабаршы-Вестник Казахского национального педагогического университета имени Абая / Серия «Исторические и социально-политические науки». – 2020. – №1(64). – С. 63-67.

Статистический сборник по отдельным показателям Всесоюзных переписей населения 1959, 1970, 1979 и 1989 гг. Алма-Ата: Республ. информ.-изд. центр, 1991. – 198 с.

URL:<http://www.demoscope.ru/weekly/2003/0103/analit03.php>

Надира А. Махметова¹, Жанна С. Аубакирова²

¹ Восточно-Казахстанский университет имени С.Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан

² Восточно-Казахстанский технический университет имени Д. Серикбаева, Усть-Каменогорск, Казахстан

ОСНОВНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ ДЕМОГРАФИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА ВО II-ОЙ ПОЛОВИНЕ XX ВЕКА

Андалпа. Мақалада Семей қаласындағы ғылыми және ағартушылық мекемелердің қызметі талданып, олардың өнірдің ғылыми, мәдени және білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесі қарастырылады. Зерттеуде 1902 жылдың құрылған Батыс Сібір бөлімінің Семей бөлімшесінің рөліне ерекше назар аударылады. Бұл ұйым Статистикалық комитеттің қызметін жалғастырып, өнірдегі ғылыми зерттеулердің жүйелі жүргізілуіне негіз қалады. Оның зерттеу аясы Семей облысымен шектелмей, Сібір мен Жетісудың іргелес аумақтарын да қамтыды. Мақалада қоғам жүргізген экспедициялар мен геологиялық зерттеулердің нәтижелері сараланып, олардың өнір экономикасына, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптің дамуына ықпалы талданады. Сонымен бірге, 1930-жылдардың құрылған ғылыми-зерттеу станцияларының есімдіктерді зерттеу, селекция және мал шаруашылығын дамытудағы қызметі, сондай-ақ өнірдегі алғашқы метеорологиялық станцияның ғылыми және тарихи маңызы зерделенеді.

Зерттеу барысында губерниялық өлкетану музейінің, Абай мемориалдық музейінің және губерниялық мұрағаттың ғылыми-зерттеу бағытындағы жұмыстары қарастырылады. Кітапхана ісінің өрістеуі, мерзімді баспасөздің таралуы және газет басылымдарының аймақтың білім беру мен мәдени өміріндегі маңызына ерекше мән беріледі.

Талдау нәтижесінде ғылыми және ағартушылық мекемелердің, әлеуметтік-саяси өзгерістерге қарамастан, тарихи мұраны сақтау, ғылыми білімді кеңінен тарату және өнірдің зияткерлік әлеуетін қалыптастыру ісіне қосқан елеулі үлесі анықталады. Ғылыми және ағарту ұйымдардың қызметі өнірдің әртүрлі аймақтары мен көршілес территориялар арасындағы мәдени және ғылыми байланыстардың нығаюына ықпал еткендігі айқындалады.

Түйін сөздер: Семей; ғылыми мекеме; ағарту ұйымдары; орыс жағырапиялық қоғамы; мерзімді баспасөз; архив, кітапхана; тарихи зерттеулер.

Kіріспе

Қалалар тарихын зерттеу және оған баға беру сұранысы қазақ тарихының құрамдас бөлігі екендігі анық. Семей қаласындағы ғылыми және ағарту мекемелері мен қоғамдардың қызметін зерделеу арқылы, бұл өнірдің білім беру мен мәдениет саласындағы рөлін зерттеу өлке тарихын зерделеуде өзекті болмақ. Семейдің XX ғасырдың басында қазақ қоғамындағы ағартушылық қозғалыстың орталықтарының бірі болғанын көреміз. Мұнда түрлі ғылыми зерттеу институттары, мектептер мен жоғары оқу орындары ашылып, қазақ зиялыштары мен ғалымдарының үрпақ тәрбиесі мен халық ағарту ісіндегі маңызды рөлін көрсеткен. Семейде түрлі мәдени-ғылыми қоғамдар мен баспалар құрылып, үлттық сананың оянуына ықпал еткен. Бұл мекемелер мен қоғамдар сол кезеңдегі білім мен ғылымның дамуына ғана емес, сонымен қатар үлттық мәдениеттің өркендеуіне үлкен үлес қосқан.

Қалалар тарихын зерттеу ерекшелігі – бұл қала мәдениетінің, оның әлеуметтік, экономикалық және саяси дамуының тарихи контекстін терең түсінуге бағытталған ғылыми сала. Қалалар тарихы тек белгілі бір географиялық кеңістіктегі халықтың өмір сұру ерекшеліктерін ғана емес, сонымен қатар олардың уақыт өте келе қалыптасқан қоғамдастықтары, басқару жүйелері, мәдениеттері мен экономикалық құрылымдарын да қамтиды.

Қалалар әрқашан адамзат өркениетінің маңызды орталығы болып келген. Олар мәдениет пен білімнің таралуына, ғылым мен ағарту мекемелері мен қоғамдардың қызметінің белгілі бір уақыттың даму кезеңдегі негізгі факторлар болып табылады. Осы тұрғыдан алып қарағанда, Семей қаласындағы ғылыми және ағарту мекемелері мен қоғамдардың қызметін зерттеу арқылы біз өткендегі қалалық қоғамның дамуын және оның қазіргі қоғамға қалай әсер еткенін тереңірек түсінегіз.

Төңкеріске дейінгі кезеңде Семей Қазақстанның саяси жер аудару орталықтарының бірі болды. Саяси жер аударылғандардың тікелей қатысуымен құрылған музей мен қоғамдық кітапхана Семей қаласы мен бүкіл облыстың алдыңғы қатарлы қоғам қайраткерлерінің басын қосатын орталық болды. Саяси жер аударушылардың мәдени-ағарту саласындағы жемісті еңбектері Семей қаласын Қазақстанның мәдени орталықтарының біріне айналдырыды және

қала мен уез халқының қоғамдық өмірінің оянуына демеуші болды. Мәселен саяси жер аударылғандар Е.П. Михаэлис, А.Леонов, Н.Долгополов және т.б. қазақ әдебиетінің негізін салушы Абай Құнанбаевтың қоғамдық - саяси көзқарасының қалыптасуына зор ықпал етті.

Зерттеу барысында өлкенің мәдени дамуындағы ғылыми және ағарту мекемелері мен қоғамдардың қызметтеріне тарихи талдау жасалады.

Мақаланың негізгі мақсаты – Семей қаласындағы ғылыми және ағарту мекемелері мен қоғамдардың қызметін заманауи ғылыми көзқарастар түрғысынан зерттеу болып табылады. Осылан сәйкес зерттеу жұмысы қаладағы ғылыми және ағарту мекемелері мен қоғамдардың қызметінің жетістіктері мен қайшылықтарын анықтау мақсатында келесідей міндеттер қойылды:

- өңірдегі ғылыми зерттеу мекемелерінің жұмысын талдау;
- қаладағы ағарту мекемелері және оның қоғамдық қызметтеріне архивтік деректер негізінде сараптама жасау;
- қала дамуындағы экономикалық қындықтардың ғылыми және ағарту жұмысын ұйымдастыруға әсерін анықтау.

Материалдар мен әдістер

Тарихи таным таразысына салғанда құжаттарға деректанулық талдау әдісі жасалды. Мақаланы жазу барысында Семей қаласындағы екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі ғылыми мекеме, ағарту ұйымдары: архив, кітапхана тағы басқа ұйым қызметтері талданды. Батыс-Сібір Орыс жағрапия қоғамының бөлімшесі Семей бөлімшесінің қызметіне талдау жасалды. Архив деректеріне, ғылыми еңбектермен мақалаларға тарихи сараптама жасалды. Мәдени ағарту саласындағы ұйымдардың құжаттары сарапталып, оку-ағарту органдарының қызметі жөніндегі материалдар зерделенді. Бұл зерттеуде Семей қаласының қазақ елінің рухани астанасы деп айтуға толық айғақтармен мәліметтер келтірілген.

Мақаланың әдіснамалық негізін тарихи танымның жалпы ғылыми әдістерін тарихилық, салыстырмалы, объективтілік, жүйелілік принциптері құрады. Салыстырмалы тарихи әдіс қарастырылып отырған хронологиялық кезең (1917-1940 жж.) ішінде салыстырмалы талдау әдісі арқылы қаланың даму тенденцияларын анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында мақсатқа жетуге және нәтижелерді ұсынуға жан-жақты және объективті көзқараспен қарауға мүмкіндік беретін жүйелік тәсіл қолданылды.

Талдау

Ғылыми және ағарту мекемелері мен қоғамдардың қызметінің тарихын зерттеудің тарихнамалық негізін кеңестік дәүірдегі және тәуелсіздік алғаннан кейінгі ғалымдардың еңбектерінде зерделенген. Зерттеу жұмысының негізгі дерек көзін Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архиві (ары қарай ҚР ОМА), Қазақстан Республикасының Президенттік архиві (ары қарай ҚР ПА) және Абай облысының мемлекеттік архивінде (ары қарай АОМА) сакталған құжаттар құрайды.

Зерттеу жұмысының тақырыбы жалпы мәдени төңкерістің процестерін ғылыми және білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуының жекелеген аспектілері төнірегінде арнайы еңбектерде де қарастырылған. Семей қаласының тарихына қатысты өлкетану материалдары негізінде «Семипалатинску – 250 лет» мерейтойлық кітабы және басқа да басылымдар баспадан шығарылды (Семипалатинску-250 лет, 1968).

Қазақстан қалаларын зерттеудегі ғылыми бағытта қалыптастыруда сүбелі үлес қосқан Қазақстан Республикасының Ғылым академиясының Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнография институтының негізінде жасалған ғылыми-зерттеу жобасын атауға болады. А.С.Елагиннің басшылығымен институт қызметкерлері мен өлкетанушылардың жүйелі түрде жүргізген жұмыстарының нәтижесінде Қазақстанның іргелі қалаларының тарихы бойынша «Города Казахстана в период строительства социализма» еңбегі жарық қөрді. (Елагин, 1980). А.С.Елагиннің, Ж. Касымбаев, Э.И. Герасимовының жетекшіліктерімен басылыш шыққан «Семипалатинск» кітабында Семей қаласының революцияға дейінгі өлкенің экономикалық

және мәдени дамуындағы, XX ғасырдағы жаңа ой мен сананың демократияның дамуындағы ықпалы қарастырылған (Семипалатинск, 1984). Азаматтық қарсы түру жылдарының оқиғалары, азамат соғысы, кеңес үкіметінің экономикалық реформалары мен өнеркәсіптең жасапмаз жетістіктері жайлар, қала шаруашылығы, қала халқының мәдени дәрежесі кітапқа негізгі арқау болған.

Семей қаласының әлеуметтік және мәдени үрдістің жан-жақты қамтылатындықтан зерттелу деңгейі де өте ауқымды. Семей ежелден саяси жер аударылғандар мекені болып, мұнда өлке бойынша озық ой мен саяси мұдделер негізінде әртүрлі көзқарастағы адамдардың шоғырлануымен мәлім. 1917 жылғы қос төңкеріс пен азамат соғысы мәселелерін зерттеуде Семейге тоқталмай кету мүмкін емес. С.Кенжебаев (Кенжебаев, 1980), Т.Елеуов (Елеуов, 1967), С.Ковальский (Ковальский, 1957), В.Григорьев (Григорьев, 1989), И.Агалаков (Агалаков, 1972), Б.Шумяцкий (Шумяцкий, 1989) өз еңбектерінде Қазақстандағы саяси ахуалдың қаладағы көрінісі, ондағы саяси партиялар мен топтардың қызметін, Семейдің өлкедегі саяси орталықтарының бірі ретіндегі ролін түсінуге мүмкіндік береді.

Семей қаласының мәдени дамуы жағынан зерттелу деңгейіне келсек, республика бойынша жүргілген зерттеу жұмысы тарихына Семей-Қазақстанның құрамды бөлігі болғандықтан, ажырамас бірлікті қарастырылды. 1920-жылдары қазақ халықтың мәдениеті, тұрмысы, оны социалистік жолмен қайта құру мәселелері А.Затаевичтің «1000 песен. Киргизского народа» еңбегінде зертtele бастады (Затаевич, 1924). Семейдегі ғылыми мекемелердің қызметі жайлар Б.Герасимовтің «Двадцатипятилетие Семипалатинского русского Географического общества» (Герасимов, 1927) және А. Адриановтың (Адрианов, 1929) «Краткий исторический очерк Семипалатинского музея» еңбектерінде Орыс Жағрапиялыш қоғамының Семей бөлімшесі мен музей туралы бай мағлұматтар берілді.

Халық оқу ағарту ісінің қеңестік кезеңнің мектептерінің құрылуы мен дамытудың заңдылықтары мен қыындықтары, кемшиліктерін түсіну үшін сол дәуірдің тілімен жазылған еңбектерге тоқталуды жөн көрдік. К.Бержанов оқу-ағартудың дамуына арналған «Русско-казахское содружество в развитии, просвещении в Казахстане: (историко-педагогические исследования)» монографиясында 1917-1940 жылдар арасындағы қеңес мектептерінің қалыптасу күрделілігін әңгімелейді (Бержанов, 1965). К.Бержановтың басқа зерттеушілерден айырмашылығы Қазақстан мектептерінің өзіне тән қыиңшылықтарын жан-жақты және объективті түрде талдап, олардың негізгі себептерін ашуға талпыныс жасады.

Кеңес тарихнамасының үлесіндегі ғылыми зерттеу еңбектерінің құндылығы - қазақ тарихының шындық келбетін қалпына келтіру де олардың тарихи - салыстырмалық, деректік маңызы ешқашан жойылмайды. Сондай-ақ бұл кезеңде Қазақстан тарихы ғылымының кәсіби мектебі мен кәсіби маман-тарихшыларының негізгі буыны қалыптасқанын әсте естен шығармауымыз керек. Егер, бүгінгі таңда, өркениет құндылықтарына негізделген ұлттық тарихты қалыптастыру жолында көптеген игілікті істер атқарылды деп есептесек, онда осы жолдағы тарихшылардың еңбегін қеңестік тарих мектебінің жемісі деп білеміз.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі зерттеу жұмысын өз жалғасын тапты. Қ.Болатованың “XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Шығыс Қазақстандағы оқу-ағарту жүйесі мен білім беру мекемелерінің қызметі” (Болатова, 2010) зерттеу еңбегінде аймақтағы оқу-ағарту мекемелерінің халық ағарту саласындағы орны және оқу – ағарту саласының дамуына саяси жер аударылғандардың қызметіне талдау жасалынады.

Мақаланы зерттеудегі негізгі дереккөздердің бірі, М.И. Перебеева, Л.Қ. Қадырова, А.Е. Шалыгин тағы басқалардың «Шығыс Қазақстандағы мәдениет ісінің дамуы (XIX-XX ғ. 40 жылдары)» архивтік құжаттар жинағы болып табылады (Шығыс Қазақстандағы мәдениет ісінің дамуы, 2022).

К.Мухаметкалиеваның «1920 жылдардағы Семей өніріндегі сауатсыздыққа қарсы күрес: мәселелері мен нәтижесі» (Мухаметкалиева және т.б., 2024) зерттеуі Семей өніріндегі сауатсыздықты жою ісінің төмен нәтижесін анықтауға бағытталған. Семей өніріндегі оқу орындарына қатысты мемлекеттік саясаттың эволюциясы процестеріне авторлық көзқарасты қалыптастыруға мүмкіндік берді. Өнірдегі оқу-ағарту ісінің ауыл және қала тұрғындарының

толық қамтылғандығы және оған статистикалық зерттеу жасағандығына көз жеткіземіз.

Зерттеу нәтижесі

Орыс жағрапия қоғамының Семей бөлімшесінің ашылуы Семей облыстық статистика комитетінің басшыларының қызметімен тығыз байланысты болды. Бөлімше осы комитет ісінің жалғасы мен кеңеюі болып табылды. Семей бөлімшесі ресми түрде 1902 жылы 31-наурызда (13-сәуір) ашылды (Семипалатинск, 1984:184). Бөлімше мүшелері өлкенің тарихын, қазба байлығын, археологиясын, зоологиясын, қала мен облыстың шаруашылығы мен өнеркәсібін зерттеп, дәрістер оқып, ағартушылық сипаттағы кештер мен көрмелер ұйымдастырып өткізді.

22 жыл Батыс-Сібір Орыс жағрапия қоғамының бөлімшесі болып келген қоғам мүшелерінің жалпы жиналысының шешімі мен 1924 жылдың 8-мамырында Орыс жағрапия қоғамының дербес бөлімі болып бөлініп шықты. Дербес бөлім болуына байланысты Ғылым басқармасы бөлім қызметі жөнінде Уставын бекітті (ҚР ОМА К.81. Т.1. Іс.722. П.5). Семей жағрапиялық қоғамы ғылыми зерттеу жұмыстары, дәріскеरлік, баспа, ғылыми кітапхана ұйымдастыру, мұражай, метеорология станциясы сияқты бағыттарда жүйелі жұмыс істеді.

1924 жылы өлкенің табиғаты мен экономикасын теренде зерттеу үшін жағрапия бөлімінде; 1) физико-жағрапиялық; 2) жаратылыс-тарих; 3) тарихи археология; 4) этнографиялық; 5) статистикалық-экономикалық; 6) мұражай; 7) кітапханалық-билиографиялық; 8) көркемөнер секциялары ашылды.

Бөлімнің ғылыми зерттеу қызметі Семей губерниясы мен оған шекараласып жатқан Жетісу мен Сібірдің кең байтақ жерлерін де қамтыды. Бөлім жағрапия, гидројағрапия, геология, климатология, жер магнетизмі мәселелері және минерал көздері, ауыл шаруашылығының зиянкестері, дәрілік шөптер, пайдалы қазба қойнаулары негізінде өнеркәсіптің дамуының негізгі бағытын анықтауға мүмкіндік берді. Олар губерния территориясында бұдан былайғы флора мен фаунаның зерттелуіне негіз салды.

Семей жағрапия бөлімі РКФСР мен Қазақстанның Халықтық жер комиссариаты; КСРО Бүкіл Одақтық халық шаруашылығының геологиялық комитеті мен бірлескен экспедициясының материалдары мен пайдалы қазба қойнаулары негізінде өнеркәсіптің дамуының негізгі бағытын анықтауға мүмкіндік берді. Олар губерния территориясында бұдан былайғы флора мен фаунаның зерттелуіне негіз салды.

30-жылдары Қазақстандық геолог ғалымдары В.П. Нехорошев, В.К. Котульский, И.Ф. Григорьев Семей облысының геологиялық жағынан зерттеуде көптеген жұмыстар жүргізді. 1939 жылы Семей облысында геологиялық зерттеу жұмыстары аяқталды. Бұл зерттеулердің халық шаруашылығы үшін маңызы зор болды.

1925 жылы жағрапиялық бөлімнің құрамында 143 адам болды. Олардың 4 құрметті, 89 нақты мүшелері болды. Көрнекті мәдениет, әдебиет және өнер қайраткерлері - Ш.Айманов, Ж.Шанин, М.Тұрғымбаев, Ә.Ермеков, Ә.Сәтбаев, республикаға танымал ағайынды Николай және Виктор Белослюдовтар, Б.Герасимов, суретші Н.К.Крутильников, Қазақстанның тұнғыш әйел-журналистерінің бірі Н. Құлжанова және т.б. Семей жағрапия қоғамының мүшелері болды (Екпінді, 1953:5). Көрнекті математик, КСРО АПН профессоры А.И.Маркушевич бөлімнің ғылыми қызметкери және мүшесі болды.

Семей жағрапия қоғамының құрметті мүшелерінің қатарында Ғылым Академиясының төрағасы А.П.Карпинский, Ғылым Академиясының хатшысы О.Ф. Ольденбург, Халық ағарту комиссары А.В.Луначарский, Орыс жағрапиялық қоғамының төрағасы Ю.М. Шокольский болды.

Семей жағрапия қоғамы өзінің ғылыми еңбектерін «Жазбалар» атты жинақпен баспадан шығарып отырды. 1921-1927 жылдары Жазбалардың XIII- XVI томдары шығарылды. Бірақ әрбір Жазбалардың басып шығару бөлім үшін қаражат жағынан мұқтаждық көріп, тіпті 1919-1922 жылдары елдегі аласапыран кезеңінде қаражат қындығынан өз еңбектерін баспадан шығару мүмкінідігінен де уақытша айырылып қалады. Жағрапиялық қоғам қыншылықтан шығу жолын іздестіріп, баспа ісін кенжелеп қалmas үшін

1/2 парақтан тұратын төрт беттік екі айда бір рет «Бюллетень» шығарып отырды. Бюллетеннің мақсаты Семей бөлімінің өмірі туралы ақпарат беріп, өлке туралы шағын шолулар шығарып тұру еді. 1-номері 1924 жылы шілде айында 250 данамен жарық көрінеді (ҚР ОМА Қ.81. Т.1. Іс.321. П.126).

Бөлім өмірінің жарқын оқиғаларының бірі - ол I-Семей губерниялық өлкетанушылар конференциясы еді. Ол 1924 жылы 24-31-тамыз аралығындағы өлкетану ісінің аумағын айқындау, өлкетану бойынша істелген шаралардың қорытындысын шығару, өлкетану ісін жергілікті жерде одан әрі жандандыра түсу, тек губерния орталығында ғана емес, уездерде де жүргізу, мүлгіп жатқан алып құштың қайнар көзін ашып, өз аудандарын жігерлі түрде зерттеуге құлышындыру, губерниядағы негізгі жағрапия бағыттарымен таныстыру еді.

Бөлім өмірінде қыын-қыстау кездері де болды. Бірақ қыыншылықтарға мойынсынбай бөлім өлкені зерттеудегі ғылыми жұмыстарын жалғастырып, мұражай коллекциясын жинақтау мен ғылыми әдебиеттерді шоғырландырумен айналысты. Бөлім - өлкетану энциклопедиясы деген атағына лайық еді. Бұл бөлім 1929 жылы 5 мамырда Қазақстанды зерттеу қоғамының бөлімі болып қайта құрылды (ҚР П.А. Қ.141.Т.1. Іс.1536. П.18). Бөлім ғылыми зерттеу жүйесі бойынша жұмыстарын кең көлемде жүргізіп, 1924-1929 жылдары баспадан 17 томдық еңбектерін жарыққа шығарды. 1931 жылы бөлімнің Қазақстаннның 10 жылдық мерекесіне арналған ғылыми еңбектерінің 2 томы шығарылды. Бөлім жағрапия, тарих, ауыл шаруашылық, ауыз әдебиетін жинау комиссиясы және т.б. секцияларға бөлініп, екі аудандық ұйымдастыру бюросы мен 7 қалалық басқарушы ұйымдары торабынан түрді. Жалпы алғанда орыс жағрапия қоғамының Семей бөлімшесі, 1924 жылдан бастап Семей бөлімі, 1929 жылы Қазақстанды зерттеу қоғамының Семей облыстық бөлімі облыстың ғылымын, мәдениетін, экономикасын дамытуға баға жетпес үлес қости.

Елді индустримальдыру материалдық шикізат базасын кеңінен зерттеуді талап етті. Осы мақсатта тұрақты ғылыми-зерттеу орындары құрылды. 1930 жылы ғылыми-зерттеу мекемелері республика бойынша 199 олардың саны 5 ғылыми-зерттеу институты 24 тәжірибе станциясы, 170 лабораториялар) 1932 жылы олардың саны 213-ке жетті (Бержанов, 1965:). Семей округі бойынша ғылыми-зерттеу орындарынан жер, мал шаруашылығы бөлімдерінен құралған ауылшаруашылық станциясы, сонымен қатар сүт тәжірибе лабораториясы мен бақша зиянкестерін зерттеу мекемелері жұмыс істеді. Өкімет тарапынан да зерттеу бойынша арнайы комитет табиғи, климаттық, губернияның геологиялық байлығын зерттеуде өсімдік және жануар әлемін танып, білуде көптеген жұмыстар атқарылды. 1926 жылы профессор Ф.Г. Доброженский басқарған экспедиция жергілікті малдарды зерттеп, Павлодар уезінен басқа Семей губерниясының барлық уездерінде болып, 2900 шақырым жер жүріп 1778 малды тексеріп, 138 түрлі жүн мен сүттің анализдерін алды (Семей Правдасы, 1957: 4).

1933 жылы Семейде өсімдіктерді зерттеу станциясы құрылды. Бұл станция өсімдіктердің өсуі және олардың көптеген жаңа түрлерін зерттеп, жабайы өсімдіктерді қолдан өсіру, пайдалы өсімдіктер енгізу сияқты жұмыстар жүргізді. 1911 жылы негізгі қаланған Шығыс Қазақстан облыстық тәжірибе станциясы 30-жылдары жан-жақты дамытылып, малдың барлық түрлерін асылдандыру, мал басын өсіру мен тұрақты мал азығы базасын жасау істерімен шұғылданды. Егін шаруашылығын тиімді және өнімді дамытуда 1937 жыл құрылған Селекция станциясының маңызы зор болды.

Қазақстандағы ғылыми мекемелердің қатарына Орыс жағрапия қоғамының Семей бөлімі қарасты губерниялық өлкетану музейі де жатады. Мұражайдың құрылуы XIX ғасырдағы статистика комитетімен тығыз байланысты. Мұражай 1883 жылы аталған мекеме жанынан Семей губернаторы А.П.Проценко қолдауымен ашылған. Орыс жағрапия қоғамы құрылғанға дейін мұражай ісімен саяси жер аударылғандар айналысты. 1919 жылы Кеңес өкіметі орнасымен-ақ декреттерінің негізінде халық ағарту бөлімінің қарамағына өтіп, мұражай атауы губерниялық ғылыми мұражай деп өзгеріліп, музей ісінің менгерушісі болып Д.Ф.Портнягин тағайындалды. Большевиктік үкіметтің тарапынан жүргізілген қысым көрсету яғни жағрапия қоғамының негізгі қызметі мен бағытын айқындайтын музей мен кітапхананың қайтару жөніндегі шағымдары қанағаттандырылып, 1921 жылы аталған қос мекеме бөлімше

қарамағына қайтарылды. 20-жылдардағы елдегі, губерниядағы қызын қыстау музей ісіне де салқындығы тимей қоймады. Азамат соғысы және онан кейінгі кезеңде де 1923 жылға дейін мемлекет тараپынан да және жеке азаматтардан ешқандай қаржы көзі түспеседе жағрапия қоғамының мүшелерінің қажымас еңбегі мен тегін жұмыс атқару арқасында мұражай ісі күйреуден аман қалды.

Музей бастапқыда қаланың шетіндегі ескі ғимараттан 1920 жылы қаланың орталығынан бөлімше беріліп, көшіру кезінде өлкені сипаттайтын және өлкеге қатысты емес, бірақ ғылыми маңызы бар минералологиялық коллекция араласып кету, экспорттардың нумерологиялық карточкаларының жоғалуы сияқты жәйттер мен қоса музей орналасқан бөлмелердің жиналыс залына есігі қарап тұруынан әртүрлі конференция, жиналыстар өткен күндері мұражай қызмет көрсету мүмкіндітерінен айырылды. 1924 жылы ақша реформасының енгізілуі музейге деген мемлекеттік қаржыландыру дұрыс жолға қойылады. Мәселен 1924-1925 жылдары 2213 сом 44 болса, 1927-1928 жылы 6241 сом 40 тиын бөлінді (Герасимов, 1927). Орталық Ресейден ашаршылық кезінде алынған балалар Семейде өте көп мөлшерде шоғырлануынан панасыз еріккен балалар үлкен топтармен мұражайға келіп, жүгіріп, жәдігерлерді бүлдіріп, музей ісіне көптеген нұсқан келтірген болатын. Кіру ақысы бастапқыда 10 тиын, кейінен 5 тиын болды. Азда болса ақы енгізу жүгенсіздерге тосқауыл болған еді. Топтық экскурсиялар тегін болды. Келушілерге музей қызметкері түсіндіру жұмыстарын жүргізуі және арасында дәрістер оқыды. 1927 жылы 1-ақпанынан бастап, жағрапиялық қоғам иелігінен бөлініп, дербес ұйым болып дараланды және «Семей музейінің еңбектері» атты өз баспа органы болды (АОМА. К.615. Т.1. Іс.350. П.3).

Музей қызметкерлері кеңседе ғана емес далалық өлке тану жұмыстаран жүргізді. 1927 жылдың жаз айларында Ертістің сол жағалауына экскурсия ұйымдастырылды. Музей менгерушісі А.А.Андріанов бұрынғы Өскемен уезіндегі Себинка мен Тарғын өздерінің ауданына археологиялық материалдар жинау мақсатында жоспарға аттанды. Ғылыми жұмыстармен қатар ағарту мақсатында 1926-1927 оқу жылында бірінші және екінші басқышты мектеп мұғалімдеріне өлкетану семинариясын ұйымдастырылды. 1929-30 оқу жылында өнеркәсіп экономикалық техникумында, Қазпеттехникумында, Потанин атындағы екінші басқышты мектепте 7 жылдық мектепте, орыс педтехникумында өлкетану үйірмелері құрылды. Орыс және Қазақ педтехникумдарының оқу бағдарламасына өлкетану пәні енгізілді. Осындай шаралардың енгізілуі мен жүргізуіне мұражай ұжымы мұрындық болды. Оқушы жастар арасында құралған «Музей достары» үйірмесінің де мұражай ісіне көп көмегі болды. Музей өлкетануды насиҳаттауда ғылыми еңбектерінің нәтижелерін баяндаған 1928 жылға дейін өзінің екі ғылыми еңбегін шығарды. Елдегі экономикалық ахуалдың реттелуі мен жақсару нәтижесінде ғылыми ағарту мекемелеріне деген қамқорлық қүштейтілді. Егер Семей өлкетану музейіне 1934 жылы 33677 сом 50 тиын бөлінсе, 1940 жылы 1934 жылға қарағанда екі есе артып 73,2 мың сомға жетті. Мұражайдың ғылым мен ағарту саласындағы көпқырлы еңбегінің арқасында мұражайды қөріп қызықтаушы саны да көбейген. 1916 жылы облыстық өлкетану музейін көрушілер 1762 адам ғана болса, 1940 жылы оның саны 53553-ке көбейді (ҚР ОМА К.81. Т.1. Іс.1492. П.20). Музей ұжымы қалалықтарға арнап көрмелер ұйымдастыру ісінде жақсы жолға қоя білді.

Екатеринбург обсерваториясының қарамағында болған 2-разрядтағы бірінші класты Семейдегі дербес метеорологиялық станция 1921 жылдан бастап жағрапия бөлімінің қол астына өтті. Бөлім құлдырай бастаған метеостанциясының жұмысын қалпына келтіруде біршама игілікті істер атқарды. Губерниядағы метеорологиялық жұмыстарды бір жерге шоғырландыру мақсатында 1923 жылдың 1-қазанынан бастап метстанция Семей губерниялық жер бөлімінің қарамағына берілді (Герасимов, 1927:19). Бұндай қадам метеостанция жұмысының жандануына себепкер болды. Семей өнірінің ауа-райы мен картографиясын зерттеуде Семей астрономиялық обсерваториясының рөлі зор болды. Ауыл шаруашылық жұмыстары үшін де станцияның маңызы зор болды.

20-жылдардан бастау алған ғылыми мекемелер ішінде архив ісі маңызды орын алды. 1920 жылы 29-наурызында Семей губревкомында губерния тарихына қатысты құнды құжаттарды

сақтау және ретке келтіру, губерниялық архив қорын құру туралы шешім қабылданды (АОМА. Қ.645. Т.1. Іс.26. П.1).

Губерниялық музей қорының меншегерушісі болып Н.Я. Коншин тағайындалды. Коншин губерниялық архив материалдарын өндөу жұмыстарына Ертіс өнірінің тарихын, оның әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсы білетін танымал өлкетанушылар Н.А. Бахирев пен Б.Г. Герасимовты тартқан еді.

Барлық күш төңкеріске дейінгі қорлар мен кеңестік архив қорларын орталықтандыруға жұмылдырылды. Ақ гвардияшылардан азат етілген уездік қалалар - Зайсан, Қекпекті және Өскеменге іс сапарлар ұйымдастырылды. Семей губерниялық мұрағатына 37 қор қосылады. 1924 жылы Семей губархивын ұйымдастыру кезеңі аяқталып, архив ісінің орталығы және жергілікті органдар торабы құрылған болатын. Осы кезеңде-ақ архивте революцияға дейінгі 146 қор және кеңестік кезеңге арналған 109 қор, барлық жиыны 255 қор шоғырланды. Шамалы уақыт ішінде өлкенің экономикасы, мәдениеті мен саясат жөнінде өлкенің земство, полиция, қоғамдық, кооперативтік мекемелерінде шоғырланған ондаған мың құнды тарихи құжаттар жинақталды. 1928 жылы аудандандыруға байланысты Семей округі құрылып, ондағы барлық уездік мұрағаттар (Өскемен, Бұхтырма, Зайсан) округтік архив бюросына сақталуға берілді. РКФСР Орталық мұрағатының өкілі губерниядағы мұрағат ісін тексереп келгенде былай деп жазды: «Бұл мұрағат орасан зор тарихи қазына- Семейдің құрылғанынан бастап, 1920 жылдарға дейінгі кезең толық және жан-жақты тарихи мәліметтерге өте бай. Сібір қаласы үшін сирек кездесетін құбылыс. Өз архивін сондай ұқыптылық пен толық сақтай білген»- деп таңданысын жасыра алмаған (АОМА Қ.645. Т.1. Іс.26. П.1).

Қала мен губерния көлеміндегі музей соң екінші мәдени ағарту орны Н.В. Гоголь атындағы кітапхана еді. Революцияға дейінгі Қазақстанның ең ірі және аса бай кітапханаларының алғашқыларының қатарына Орыс жағрапия қоғамының кітапханасы жатады. Бұл 1902 жылы ақпан айында В.Н. Гогольдің қайтыс болуына 50 жыл болу құрметіне Гоголь атындағы оқу залы болып аталынады. Кітапхана ұзақ жылдар бойы арнаулы ғимарат тапшылығын басынан кешірді. Қала өмірінде жарқын оқығалардың бірі 1922 жылдың 17-қыркүйегінде арнайы ғимараты бар Н.В. Гоголь атындағы қалалық орталық кітапхананың ашылу салтанаты болды. Оның кітап қоры 1923 жылы 25000 болса, 1927 жылы 48000 кітап болған. Бұл кітапхана үлкен бұқаралық саяси жұмыс жүргізді және губернияның басқа кітапханалары үшін әдістемелік орталық болып табылды. Жылдан жылға оқырмандарының сан да үздіксіз өсіп отырды. Егер 1920 жылы 4220 кітап берілсе, 1926 жылы оқырмандарға берілген кітап саны 44556 жеткен. Н.В. Гоголь атындағы кітапханада тақырыптық кештер өткізіліп, әртүрлі тақырыпта дәрістер оқылды. Маңызды кітап көрмелері ұйымдастырылып, қабырғалық көрмелер көркемделді, химия, табигат, жазушылар, пионерлер және т.б. бұрыштар болды. Әдебиет, өлкетану мен авиа-спорттық үйірмелері үнемі жұмыс істеп тұрды (АОМА Қ.415. Т.1. Іс.419. П.113; Қ.73. Т.1. Іс.409. П.148).

Кітапхана қызыметкерлері шала сауаттылармен жұмысты белсенді түрде жүргізді. Бұкіл одақтық «Сауатсыздық жойылсын» қоғамының Семей бөлімімен бірлесе отырып 1923 жылы ауылды жерлерге 30 жылжымалы кітапхана жіберілді (ҚР ОМА. Қ.44. Т.10. Іс.161. ПП.5-6).

1922 жылы губерния бойынша 86 кітапхана, 152 оқу үйі болды. Соның ішінде Семей уезінде 61-кітапхана, 28 оқу үйі болса, Семей қаласында 16 кітапхана, 4 оқу үйі орналасты. Жұмыс барысы кезеңінде кітапханалардың сандық жағынан сапалық жағына көшірілу және ЖЭС саясатқа байланысты жергілікті қаржыландыруға көшу, штат қысқартуларына әкелді (АОМА. Қ.415. Т.1. Іс.419. П.113; Қ.73. Т.1. Іс.409. П.148). Осында жүйелендіруден соң Семей қаласында 1926 жылы 5 аудандық және 1 ғылыми кітапхана ғана қалдырылды (ҚР ОМА. Қ.44. Т.10. Іс.161. ПП.5-6). Музейде бұрынғы жағрапиялық бөлімнің кітапханасы орналасты, ол ғылыми кітапхана деп аталды. 20-30 жылдардағы көлемді түрде жүргізілген білім беру, ағарту шараларының нәтижесінде Семейдің білім беру орталығына айналуы қаладағы жаңа кітапханаларға деген сұранысты қүштейтті. 1940 жылы Семейде 42 кітапхан жұмыс істеді. Ол 5 бұқаралық, 6 кәсіподақ, 11 мектептік, 15-арнайы орта оқу орындарында, 4 ғылыми және Гоголь атындағы облыстық кітапханадан құралды (АОМА. Қ.47. Т.1. Іс.2а).

ПП.5-9).

Кітапханалар мұражай қызметі іспеттес барлық мәдени-ағарту және үгіт-насихат жұмыстарына белсенді ат салысты. Кітапханаларда оқырман конференциялары, әдеби кештер, кітап көрмелері сияқты шараптар үнемі жүргізіліп отырды. Кітапханадағы ғылыми басылымдармен қамтамасыз ету көзі - ол еліміздің көптеген ғылыми мекемелерінен оқу орындарымен кітап алmasу ісін жақсы жолға қоя білді.

1940 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының қарамағынан қазақтың көрнекті ағартушысы мен ақыны Абайдың тұғанына 95-жылдығына арналған мемориалды музей ашылды. Бұл Абайдың өмірі мен творчествосын, қазақ әдебиетін және қазақ тілін зерттеуге арналған ғылыми музей болды. Үгіт насихат пен ағарту жұмысының бір түрі - газет болды. Семейдегі баспахананың орналасуы жергілікті мерзімдік баспа ісінің дамуына да игі әсері болды. Дегенменде Ақпан төңкерісінің нәтижесінде дүниеге келген Сарыарқа, Халық сөзі (татар тілінде) газеттері және Абай журналы большевиктік үкіметтің идеологиясына сәйкес келмегендіктен еркін ұлттық баспаның жұмысы тоқтатылып, жабылып қалды. Губерниядағы тұнғыш большевиктік ұлттық газет 1919 жылы 4-желтоқсанда ашылған «Қазақ тілі» газеті еді. Газеттің алғашқы редакторы Шаймерден Тоқжігітов, журналист Илияс Молдақанов, болашақ жазушы Мұхтар Әуезов, Нәзипа Құлжанова, Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметованың әкесі ақын Ахмет Мәметов және т.б. қазақ зиялыштары газет ісінен көп еңбек сінірді. 1919 жылы 21-желтоқсанда «Знамя борьбы и труда» газетінің орнына большевиктік «Степная правда» газетінің бірінші номері шықты (КР ОМА. К.138. Т.1. Іс.2931. П.187). Осындай сипаттағы комсомолдық дербес апталық «Смена» газеті 1923 жылдан бастап шыға бастады. 1921 жылдан бастап Кеңес өкіметінің қызметін кеңінен насиҳаттау мақсаттарында айлық «Коммунист» журналының бірінші номері шығарылды. Журнал атавы «Партработник» кейінен қайтадан «Коммунист» болып өзгерілді. Журналдың 8 номері шыққаннан кейін өз жұмысын тоқтатты. 1925 жылы экономикалық, ғылыми, педагогикалық, әдеби «Таң» журналы шығып тұрды. Қаладағы ана тілдегі жалғыз қазақ газеті 1928 жылы мемлекет саясатының ауыл мен деревняға бет бүрү ұранына байланысты «Қазақ тілі» газеті «Жана ауыл» деп өзгеріліп, 1930 жылы газет Аягөзге көшіріледі. Сол жылдан бастап Семейде «Екпінді» газеті шығарылып тұрды. Бастапқыда газет 5000 дана ғана болса, 1940 жылы оның жылдық тиражы 5 874 400-ге көбейді (КР ОМА. К.1692. Т.1. Іс.346. П.70). Қалалық, облыстық газеттерден басқа республикалық, Одақтық танымал газеттер мен журналдар жаздырып алу жалпы халықтық іске айналдырылды.

Қорытынды

Тұластай алғанда, Семей қаласындағы ғылыми және ағарту мекемелері мен қоғамдардың қызметі қоғамдық қатынастардың салдарынан туындаған кедергілерге қарамастан қала тарихында маңызды да мәнді рол атқарды. Қаланың мәдени дамуы ақпан төңкерісінен кейінгі қоғамдағы демократиялық өзгерістермен тығыз байланысты болды. Осы кезеңнен бастап қазақтың қасиетті топырағы Семейде ғасырлар бойы арманға айналған ұлттық білім беру саласында батыл қадамдар жасалынды. Қазақстандағы кеңестік ғылым мен мәдениеттің, өнер мен білімнің негізін, іргетасын орнатып кеткен ұлт зиялыштарының қауымы болғандығын ескере отырып, Алашшыл зиялыштар ұсынған бағдарламалар жүзеге асқан жағдайда біздің тіліміз, дініміз, санамыз бен рухымыз бүгінгі дәрежедегіден әлдекайда жоғары болар еді. XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыштарының ұлттық білім беру жүйесін қалыптастырудың сан саналы ұйымдастырушылық қызметі мен педагогикалық шығармашылық мұралары бүгінгі ұлттық мектептердің білім беру мен тәрбие ісінің жүйесіне үлгі боларлық құндылығы ете зор болып табылады.

Кеңес өкіметі жылдарында бүкіл қоғамдағыдай Семей қаласы мәдени революция аумағына енді. Білім берудің мемлекеттік жүйесі құрылып, жалпыға бірдей міндетті бастауыш білім беру аясында халықтың сауатсыздығын жою, білім беру жүйесін қарапайымдалуы мен бір ізге салу және оның идеологиялық бағыттылығы сияқты әлеуметтік салдарлары болды. Осы жылдары социалистік интеллигенцияның алғашқы буындары қалыптасты. Семей өнірі ғылым мен мәдениеттің көрнекті қайраткерлерінің қажырлы еңбегінің арқасында

Қазақстанның басқа аудандарына қарағанда Қеңес өкіметінің бастапқы кезеңінде мәдени деңгейі жоғары болды. Мамандардың тапшылығы, материалдық базаның нашарлығына қарамастан Семейліктердің мәдени өмірі жан-жақты және бай болды.

Халықтың ұлттық сана сезімінің руханияты және елдік мәдениеттің қалыптасуымен тығыз байланысты тарихы бар елдің елдігі оның мәдени дәрежесімен өлшенеді десек, қеңес қоғамы тұсында халықтың рухани өсіп-өркендеуіне негіз болып табылатын мәдени ағарту мекемелерінің үлкен жүйесі қалыптасты. Мәдени құрылыштың жетістіктері қала халқына рухани байлықтың ең үздік жетістіктеріне жол ашып қана қоймай жалпы бұқараны көркемөнер шығармашылығына баурады.

ХХ ғасырдың бірінші жартысында ең көрнекті, ең елеулі мәдениет пен білім орталығына айналған Семей қаласы көптеген ғылымдарға, жазушыларға, өнертанушылар мен әншілердің, әртістердің бұғанасы қатып, буыны бекуіне, көзқарасының кеңеюіне ықпал етті. Әлемге Абай, Шәкәрім, Мұхтардай рухани ғұламаларға нәр берген, қыын-қыстау жылдары алаштың шығыс бөлімінің астанасы болған Семей қаласының қазақ өркениет қалыптастыру мен дамытуда маңызы өте зор.

Әдебиеттер тізімі

Агалаков И. Советы Сибирии. 1917-1918г. Новосибирск, 1972, -200с.

Адрианов А.А. Краткий исторический очерк Семипалатинского музея. Семипалатинск, 1929, -14с.

АОМА Қ.415. Т.1. Іс.419, П.113; Қ.73. Т.1. Іс.409. П.148.

АОМА Қ.47. Т.1. Іс.2а. П.5-9.

АОМА Қ.615. Т.1. Іс.3501. П.3.

АОМА Қ.645. Т.1. Іс.26. П.1.

Бержанов К. Русско-казахское содружество в развитии, просвещении в Казахстане (историко-педагогические исследования). Алма-Ата, 1965.

Болатова Қ.Б. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Шығыс Қазақстандағы оқу-ағарту жүйесі мен білім беру мекемелерінің қызметі/ Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. - Семей, 2010.

Герасимов Б. Двадцатипятилетие Семипалатинского русского Географического общества. Кызыл-Орда. Об-ва изуч.Казастана, 1927.

Григорьев В. Противостояние (Большевики и непролитарские партии в Казахстане). Алма-Ата: Казахстан, 1989, -252с.

Екпінді. 1953. 5-желтоқсан.

Елагин А.С. Города Казахстана в период строительства социализма. Алма-Ата. Наука, 1980, - 344 с.

Елеуов Т. Қазақ ауылында Совет Өкіметінің орнауы мен нығаюы. Алматы қазақстан, 1967.-2326, Сонықі. Қазақстанда Совет Өкіметі қалай орнады. Алматы: Қазмемлбас. 1957. - 210 б.

Затаевич А. 1000 песен. Киргизского народа. Оренбург, 1924.

Мухаметкалиева К.Б., Атантаева Б.Ж., Абенова Г.А. 1920 жылдардағы Семей өніріндегі сауатсыздыққа қарсы құрес: мәселелері мен нәтижесі // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің хабаршысы - № 2 (113). 2024. – С.95-110. DOI: <https://doi.org/10.26577/JH.2024.v113i2-08>

Кенжебаев С. Ұлы Октябрь және Қазақстан Советтері. Алматы. Наука, 1980. -110 б.20.

Ковальский С. За власть Советов. Алма-Ата. Казгосиздат. 1957. -120с.

ҚР ОМА Қ.81. Т.1. Іс.321. П.126.

ҚР ОМА Қ.81. Т.1. Іс.722. П.5.

ҚР ОМА Қ.138. Т.1. Іс.2931. П.187.

ҚР ОМА Қ.1692. Т.1. Іс.346. П.70.

ҚР ОМА Қ.44. Т.10. Іс.161. ПП.5-6.

ҚР ОМА Қ.81. Т.1. Іс.1492. П.20.

ҚР ПМА Қ.141. Т.1. Іс.1536. П.18.

Семей Правдасы 1957, 21 сентябрь.

Семипалатинск, Алма-Ата, Наука, 1984. -224с.

Семипалатинску - 250 лет. Алма-Ата, 1968, -156 с.

Шумяцкий Б. Сибирь на путях к Октябрю. Иркутск. 1989. -140с.

«Шығыс Қазақстандағы мәдениет ісінің дамуы (XIX-XX ғ. 40 жылдары)»: құжаттар жинағы / құраст.: М.И.Перебеева, Л.К. Қадырова, А.Е. Шалыгин. - Алматы: Дарын ЖШС, 2022. - 261 б.

Зауре К. Мукатаева, Тоты А. Кариева, Карлыга Б. Мухаметкалиева

Университет имени Шакарима города Семей, Семей, Казахстан

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ НАУЧНЫХ И ПРОСВЕТИТЕЛЬСКИХ УЧРЕЖДЕНИЙ И ОБЩЕСТВ ГОРОДЕ СЕМЕЙ

Аннотация. В статье рассматривается деятельность научных и просветительских учреждений города Семипалатинска, сыгравших ключевую роль в формировании и развитии региональной научной, культурной и образовательной среды. Особое внимание уделяется созданию в 1902 году Семипалатинского отделения Западно-Сибирского отдела Русского географического общества, ставшего преемником Статистического комитета. Исследования общества охватывали не только Семипалатинскую область, но и прилегающие регионы Сибири и Жетысу. Рассматриваются результаты экспедиций и геологических исследований, опубликованных в изданиях общества, их вклад в развитие экономики, сельского хозяйства и промышленности. Анализируется деятельность научно-исследовательских станций, основанных в 1930-е годы, их вклад в изучение растений, селекцию и развитие животноводства, а также роль первой метеорологической станции региона с учетом ее научной и исторической значимости.

Кроме того, в статье исследуется деятельность губернского краеведческого музея, Мемориального музея Абая и губернского архива. Акцентируется значение библиотечного дела, распространения периодической печати и функционирования газет в образовательной и культурной жизни региона.

Результаты анализа позволяют выявить значительный вклад научных и просветительских учреждений в сохранение исторического наследия, популяризацию научных знаний и формирование интеллектуального потенциала региона, несмотря на социально-политические изменения. Устанавливается, что их деятельность способствовала укреплению культурных и научных связей как внутри региона, так и с сопредельными территориями.

Ключевые слова: Семипалатинск; научные учреждения; образовательные организации; Русское географическое общество; периодическая печать; архивы; библиотеки; исторические исследования.

Zaure M. Kadyrbayevna, Toty A. Karieva, Karlyga B. Mukhametkaliyeva

Semey University named after Shakarim, Semey, Kazakhstan.

THE ACTIVITIES OF SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL INSTITUTIONS AND SOCIETIES IN THE CITY OF SEMEY

Annotation. The article examines the activities of scientific and educational institutions in the city of Semipalatinsk, which played a key role in shaping and developing the region's scientific, cultural, and educational environment. Particular attention is given to the establishment of the

Semipalatinsk branch of the West Siberian Department of the Russian Geographical Society in 1902, which became the successor to the Statistical Committee. The society's research extended beyond the Semipalatinsk region to include adjacent areas of Siberia and Zhetysu. The article analyzes the results of expeditions and geological studies published in the society's periodicals and their contributions to the development of the economy, agriculture, and industry. Additionally, the activities of research stations established in the 1930s are examined, with a focus on their role in plant studies, selective breeding, and livestock development, as well as the significance of the region's first meteorological station from both scientific and historical perspectives.

Furthermore, the study explores the work of the provincial local history museum, the Abai Memorial Museum, and the provincial archive. Emphasis is placed on the importance of library development, the dissemination of periodical publications, and the functioning of newspapers in the educational and cultural life of the region.

The findings of the analysis reveal the significant contribution of scientific and educational institutions to the preservation of historical heritage, the dissemination of scientific knowledge, and the development of the region's intellectual potential despite socio-political changes. It is established that their activities contributed to strengthening cultural and scientific ties both within the region and with neighboring territories.

Keywords: Semipalatinsk; scientific institutions; educational organizations; Russian Geographical Society; periodical press; archives; libraries; historical research.

References

- Agalakov I. Sovety Sibirii. 1917-1918г. [Soviets of Siberia. 1917-1918] Novosibirsk, 1972, - 200 p. [in Russian].
- Adrianov A.A. Kratkij istoricheskij ocherk Semipalatinskogo muzeja. [A Brief Historical Overview of the Semipalatinsk Museum.] Semipalatinsk, 1929, -14 p. [in Russian].
- AOMA Q.415. T.1. Is.419. P.113; Q.73. T.1. Is.409. P.148.
- AOMA Q.47. T.1. Is.2a. P.5-9.
- AOMA Q.615. T.1. Is.3501. P.3.
- AOMA Q.645. T.1. Is.26. P.1.
- Berzhanov K. Russko-kazahskoe sодружество в развитии, просвещении и в Казахстане (историко-педагогические исследования). [Russian-Kazakh Cooperation in Development and Education /Historical and Pedagogical Research/]. Alma-Ata, 1965. [in Russian].
- Bolatova Q.B. XIX qasyrdyn ekinshi zhartysy men XX qasyrdyn basyndaq Shyqys Qazaqstanдаqy oqu-aqartu zhyjesi men bilim beru mekemelerinin qyzmeti [The education system and the functioning of educational institutions in East Kazakhstan in the second half of the 19th century and the early 20th century.]: dis. kand. ist. nauk / Q.B. Bolatova— Semej, 2010. [in Kazakh].
- Gerasimov B. Dvadcatipyatiletie Semipalatinskogo russkogo Geograficheskogo obshchestva. [The 25th Anniversary of the Semipalatinsk Russian Geographical Society]. Kyzyl-Orda. Ob-va izuch.Kazastana, 1927. [in Russian].
- Grigor'ev V. Protivostoyanie (Bol'sheviki i neprolitarskie partii v Kazakhstane). [Confrontation (Bolsheviks and non-proletarian parties in Kazakhstan)]. Alma-Ata: Kazahstan, 1989, -252 p. [in Russian].
- Ekpindi. 1953. 5-zheltoqsan. [in Kazakh].
- Elagin A.S. Goroda Kazahstana v period stroitel'stva socializma. [Cities of Kazakhstan during the construction of socialism]. Alma-Ata. Nauka, 1980, -344 p. [in Russian].
- Eleuov T. Qazaq auylynda Sovet Okimetinin ornauy men nyqayuy. [Establishment and strengthening of Soviet power in the Kazakh village. Almaty Kazakhstan]. Almaty Qazaqstan, 1967.- 232b, Sonyki. Qazaqstanда Sovet Okimetin qalaj ornady. Almaty: Qazmemlbas. 1957. - 210 p. [in Kazakh].
- Zataevich A. 1000 pesen. Kirgizskogo naroda. [1000 songs of the Kyrgyz people] Orenburg, 1924. [in Russian].

Mukhametkaliyeva K.B., Atantaeva B.Zh., Abenova G.A. 1920 zhyldardaqty Semej onirindegi sauatsyzdyqqa qarsy kures: maseleleri men natizhesi [The fight against illiteracy in the Semipalatinsk Region in the 1920s: problems and results] // Al-Farabi atyndaqty QazUU-nin habarshysy - № 2 (113). 2024. – P.95-110. DOI: <https://doi.org/10.26577/JH.2024.v113i2-08> [in Kazakh].

Kenzhebaev S. Uly Oktyabr' zhane Qazaqstan Sovetteri. Almaty. [Great October and the Soviets of Kazakhstan]. Nauka, 1980. -110. 20 p. [in Russian].

Koval'skij S. Za vlast' Sovietov. [For the power of the Soviets]. Alma-Ata. Kazgosizdat. 1957. -120 p. [in Russian].

QR OMA Q.81. T.1. Is.321. P.126.

QR OMA Q.81. T.1. Is.722. P.5.

QR OMA Q.138. T.1. Is.2931. P.187.

QR OMA Q.1692. T.1. Is.346. P.70.

QR OMA Q.44. T.10. Is.161. PP.5-6.

QR OMA Q.81. T.1. Is.1492. P.20.

QR PMA Q.141. T.1. Is.1536. P.18.

Semej Pravdasy 1957, 21 sentyabr. [in Russian].

Semipalatinsk, Alma-Ata, Nauka, 1984. -224 p. [in Russian].

Semipalatinsku - 250 let. [Semipalatinsk is 250 years old]. Alma-Ata, 1968, -156 s. [in Russian].

Shumyacskij B. Sibir' na putyah k Oktyabryu. [Siberia on the way to October]. Irkutsk. 1989. -140 p. [in Russian].

«Shyqys Qazaqstandaqty madeniet isinin damuy (XIX-XX q. 40 zhyldary)»: quzhattar zhinaqy [Development of culture in East Kazakhstan (XIX-XX centuries. 40): a collection of documents]/ kurast.: M.I.Perebeeva, L.K. Qadyrova, A.E. Shalygin. - Almaty: Daryn ZhShS, 2022. - 261 p. [in Kazakh].

Авторлар туралы мәліметтер

Мукатаева Зауре Кадырбаевна - т.ғ.к, аға оқытушы, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті Семей, Қазақстан.

Кариеva Тоты Амангельдыевна - т.ғ.к, аға оқытушы, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті Семей, Қазақстан.

Мухаметкалиева Карлыга Бериковна – докторант, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей, Қазақстан.

Information about the authors

Mukataeva Zaure Kadyrbayevna – Candidate of Historical Sciences, Senior Lecturer, Semey University named after Shakarim, Semey, Kazakhstan.

Karieva Toty Amangeldyevna – Candidate of Historical Sciences, Senior Lecturer, Semey University named after Shakarim, Semey, Kazakhstan.

Mukhametkaliyeva Karlyga Berikovna – PhD candidate, Semey University named after Shakarim, Semey, Kazakhstan.

Сведения об авторах

Мукатаева Зауре Кадырбаевна - к.и.н., старший преподаватель, Университет имени Шакарима города Семей. Семей, Казахстан.

Кариева Тоты Амангельдыевна - к.и.н., старший преподаватель, Университет имени

Шакарима города Семей. Семей, Казахстан.

Мухаметкалиева Карлыга Бериковна – докторант, Университет имени Шакарима города Семей, Семей, Казахстан.